



ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ**

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

**ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА**

НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№ 1 (23)

Шымкент
2020

**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ**

**ғылыми-педагогикалық журнал
№ 1 (23) 2020**

БАС РЕДАКТОР

Сүгірбаева Г.Д. – ОҚМПУ ректор м.а.

Редакциялық алқа

Надиров Н.К. – х.ғ.к., профессор, ҰҒА академигі; **Аширов Ә.Ә.** – х.ғ.д., профессор; **Дмитрюк Н.В.** – ф.ғ.д., профессор; **Досбенбетова А.Ш.** – п.ғ.д., профессор; **Жапбаров А.** – п.ғ.д., профессор; **Исабек Б.Қ.** – тарих ғ.к., доцент; **Держина И.** – п.ғ.д. (Болгария); **Сластухина О.И.** – ф.ғ.к., доценті (Ресей); **Подушкин А.Н.** – тарих ғ.д., профессор; **Рахымбек Д.** – п.ғ.д., профессор; **Тәнірберген М.Ж.** – п.ғ.д., профессор; **Румбште Е.А.** – п.ғ.д., профессор. (Томск); **Қалдарова Б.С.** – т.ғ.к., доцент; **Сарсенбиева Н.Ф.** – э.ғ.к., доцент; **Пардала А.** – п.ғ.д., к.м.н., профессор (Польша); **Норкуте О.** – әлеумет ғ.д., профессор (Литва); **Максуда Ф.** – PhD доктор (Өзбекстан); **Суюбердиева А.А.** (М.Әуезов атындағы ОҚМУ); **Иманбаев Н.С.** - ф-м.ғ.к., профессор; **Ержан Алқая** – PhD доктор, доцент (Түркия), **Дэв Чан** -PhD, профессор (Канада), **Балтбаева Н.С.** - PhD доктор (ҚҰҚЫЗПУ)

Редакциялық кеңес

Қадырбаева Р.И. – п.ғ.д., доцент; **Абдрахманова Х.К.** – ф-м.ғ.к., доцент м.а.; **Бердалиева Т.Д.** – ф.-м.ғ.к.; **Сулейменова Л.А.** – т.ғ.к.; **Ибашова А.Б.** – п.ғ.к.; **Әлиева А.О.** – п.ғ.к.; **Битемирова А.Е.** – х.ғ.к., доцент; **Жаппарбергенова Э.Б.** – б.ғ.к., доцент; **Стычева О.А.** – п.ғ.к., доцент; **Абрамова Г.И.** – ф.ғ.к. доцент; **Байбатшаева А.** – п.ғ.к., профессор м.а. **Алтынбеков Қ.С.** – ф.ғ.к.

Жауапты хатшы – Мынбаева А.П. PhD доктор.

Техникалық редакция – Байырбекова Л., Аблаев Н., Утенов Н.

Журнал 2016 жылдың наурыз айынан бастап Париж қаласындағы

ISSN орталығында тіркелген.

ISSN 2415-8186 (Online), ISSN 2415-8178 (Print)

Журнал Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат агенттігінде тіркеліп, **06.06.2014 ж. №14373-ж** куәлігі берілген. Ақпарат комитетіне қайта есепке қою туралы 15.03.2018 ж. № 16979-ж куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

2014 жылдың қараша айынан бастап шыға бастады. Жылына 4 рет жарық көреді.

Мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Мақалада баяндалған мәліметтердің шынайылығына авторлар жауап береді.

Редакцияның мекенжайы:

160012, Шымкент қаласы,
Байтұрсынов көшесі, 13
222-бөлме, тел. 390244/756
87022508462,

e-mail: okmpukhabarshy@mail.ru

© Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
Қазақстан Республикасы, 2020

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ

14.07.03.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ШЕҢБЕРІНДЕ “ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТ” ҰҒЫМЫН АНЫҚТАУ

А.Ш. Досбенбетова¹, Қ.Қ. Қиясова², А.А. Бейсенбаева³

¹П.ғ.д., профессор, ²п.ғ.к., ³аға оқытушы

¹²³Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

Түйіндеме

Мақала оқушылардың экономикалық білімі мен тәрбиесіне, олардың экономикалық мәдениетін қалыптастыруға арналған. Авторлар адамның экономикалық мәдениетін қоғам мәдениетімен тығыз байланыста қарастырады, оның қалыптасу мәселелерінің жалпы теориялық және әдіснамалық ерекшеліктеріне тоқталады. Жеке тұлғаның экономикалық мәдениет деңгейін көтеру философиялық, әлеуметтік, педагогикалық мәселелерді қамтиды. Қазіргі таңда білім алушылар үшін де ересектер үшін де экономикалық білім қажет. Себебі заман талабы соған алып келді. Экономикалық білім мен экономикалық мәдениетпен тығыз байланысты. Экономикалық мәдениет басқа да мәдениет салаларымен тығыз байланысты. Өмір сүрудің бөлішегі десек те болады. Әрбір тұлғаның адамгершілік қасиетімен қатар экономикалық білім болса өмір сүру жүйесі де оңайға түседі және ыңғайлы. Экономикалық білім туралы соңғы кезде көп ғалымдар айналыса бастады. Сонымен қатар зерттеулері де нәтижеге жеткізіп келеді. Экономикалық мәдениет – адамның өзін-өзі танудың, өмір сүру тәсілдерін өзгертудің, заманауи тіршілік етуге жетелеудің тұлға деңгейі болып табылады.

Кілт сөздер: экономикалық білім беру, экономикалық тәрбие, экономикалық мәдениет, бәсекеге қабілетті тұлға, әдіснамалық негіздері.

Қазіргі мектептің басты міндеттерінің бірі – нарық жағдайына бағдарланған, адамгершілігі мол, экономикалық сауатты адамға қоғамның әлеуметтік сұранысын қанағаттандыру. Оны шешу тек қана экономикалық білімнің тұжырымдамалық, әдіснамалық, теориялық және дидактикалық негіздерінің жасалуына тікелей байланысты болады.

Қоғамымыздағы интеллектуалдық еңбек үлесінің өсуі нәтижесінде өмірге араласатын тұлғаның білім деңгейіне, әр адамның қабілеті мен шығармашылық әлеуетінің дамуына, оның кәсіптік икемділігіне қойылатын талаптар да күннен күнге арта түсуде.

Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылға дейінгі білім беруді дамыту бағдарламасында белгіленген орта білім берудің негізгі міндеттерінің бірі «... білім алушылардың еңбек рыногындағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін кәсіптік дағдылар алуына жағдай жасау...» болып табылады делінген [1].

Қазақстан-2050 Стратегиясының өзегі – біздің әлемдегі ең дамыған 30 елдің бірі болуға тиісті екендігіміз [2].

Мақсатымыздың аса ауқымдылығы айдан анық. Өзінің тарихында біздің халқымызтап қазіргісіндей экономикалық және әлеуметтік шындырды бағындырып көрген емес. Мұны жасау тек қазақстандықтардың қазіргі ұрпағының ғана қолынан келді.

Оқушылардың экономикалық білімі мен тәрбиесіне, олардың экономикалық мәдениетін қалыптастыруға біршама ғылыми зерттеулер арналған.

Жеке тұлғаның экономикалық мәдениеті өмір бойы созылатын қасиет. Е.В. Анкундинова, Т.В. Боровикова, А.А. Нуртдинова т.б. зерттеулерінде экономикалық қатынастарға енген кісілердің сана – сезімдерін өзгерту мүмкін еместігі, сондықтан да бұл мәселені қалыптастыру мектептен басталуы керектігі айтылады.

Жеке тұлғаның экономикалық мәдениет деңгейін көтеру философиялық, әлеуметтік, педогогикалық мәселелерді қамтиды.

К.Н. Панферов, М.В. Тишкова, Н.И. Боенко, Т.Н. Заславская, Р.В. Рывкина, С.З. Шадрина т.б. философтар мен әлеуметтанушылар жеке адамның экономикалық мәдениетін, қоғам мәдениетімен тығыз байланыста қарастырады, оның қалыптасу мәселелерінің жалпы теориялық және методологиялық ерекшеліктеріне тоқталады.

Соңғы уақыттарда бұл мәселе төңірегінде Е.М. Арынов, К. Ахметов, Б.К. Момынбаев, С.С. Сатубалдин, К.Ж. Аганина, Р.С. Амандосова, А. Көшербаева, А.Х. Накпаева, К.Ж. Қаракулов, Ш.Жарылғапов, Ж.А. Жүнісбекова т.б. (оқушыларға экономикалық тәрбие берудің педогогикалық негіздері) қазақстандық ғалымдардың еңбектері жарық көрді.

Әлемдік қоғамдық жүйенің қазіргі таңдағы жай-күйі әлеуметтік-экономикалық дамудың қарқынының жылдамдауымен және интенсификациясымен ерекшеленеді. Оның ары қарай жылжуының тиімділігі осы өзгерістерге нақты әрі дәл жауап бере алған педагогикалық теория мен практиканың мүмкіндіктеріне тәуелді. Көпшілік гуманитарлық пәндер фокусының акцентінің жеке тұлғаның жетілуін меңгеруге қарай араласуынан

басқа оның өзіне деген сұраныс пен талаптар да өзгерді. Бүгінгі таңдағы күрделі экономикалық жағдайларға тез бейімделу, тиімді әрекет ету және жылдам әрі дұрыс шешім қабылдау қабілеті адамның жоғары сұранысқа ие болу қасиеттеріне байланысты. Өйткені осы қасиеттер оның жеке және кәсіби өмірінде табысқа жетуіне тікелей көмекші болмақ.

Бүгінгі білімнің мақсаты – еңбек рыногында сұранысқа ие болған тұлғаның бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру және дайындау.

Бұл мәселе туралы Е.В. Савина тереңірек әрі нақтырақ пікір айтады: “білім берудің жаңашыл жүйесіндегі оқыту мен тәрбиенің басты мақсаты – технологиялық қоғамның кез келген жағдайында өмір сүруге қабілетті әрі дайын тұлғаны дамыту, яғни адамды ... оқу және өмірлік жағдайларда өздігімен тәрбиеленуге және өзін-өзі бақылауға дайындау”. Міне, сол себепті педагогикалық теория мен практикада экономикалық мәдениетті болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің басты шарты ретінде оқыту мәселесі күннен күнге өзекті мәселеге айналып келеді [3,266.]

Экономикалық мәдениет – қоғамның жалпыадамзаттық мәдениетінің бір бөлшегі ретінде “мәдениет” және “экономика” деген сөздердің бірігуінен тұрады. Бұл ұғымдардың әрқайсысының бірнеше мағынасы мен анықтамасы бар. Мәселен, “мәдениет” ұғымы латын тілінен аударғанда, *culture - өсіру, тәрбиелеу, білім беру, мәртебесін көтеру және даму* деген мағынаны береді. Н.В. Князеваның пікірінше, мәдениет дегеніміз – адамзаттың қолымен құралған рухани және материалдық құндылықтардың жиынтығы [4,546.]

Н.С. Мурадова мәдениеттің антропологиялық талдауынан алшақтап, мәдениеттің адамға бәсекелестілігін ерекше атап өтеді.

Н.С. Мурадованың пікірінше, мәдениет табиғат пен қоғамды, адамзат пен жеке адамның өмірі мен мұрасын интеграциялайды. Сөйтіп, мәдениет адамзаттың даму және шығармашылық табиғатын ашудың факторларының бірі болып табылады [5,376.]

Адамның нақты қоғам мүшесіне айналу процесі, оның әлеметтенуі күрделі әлеуметтік-қоғамдық қарым-қатынастарға етене араласуынсыз, оның адамзат өркениетінің бұрынғы тәжірибесін меңгеруінсіз мүмкін болмайды. Алайда, осымен бір мезетте осы қоғамның даму тарихы, оның болашақтағы жетістіктері жеке тұлғаның өмір сүру әрекетінің, оның шығармашылық бастауларының даму және жүзеге асуының нәтижесі. Осылайша, әртүрлі анықтамалар мен пікірлерге қарамастан, “мәдениет” ұғымының әрбір анықтамасында өзгеру, даму, құру, өркениеттік құндылықтарды ұрпақтан-

ұрпаққа тарату және тұлғаның материалды-рухани өмірге бейімделуі деген түсінік жатқанын көреміз.

“Экономикалық мәдениет” ұғымын талдау шеңберіндегі келесі дефиниция - “экономикалық” деген ұғым. “Экономика” сөзі грек тілінің οἰκονομία – «үй шаруашылығын басқару» деген сөзінен туындаған. Қазіргі орыс тілінде бұл ұғымның бірнеше мағынасы беріледі. Көбінесе бұл ұғым ғылыми пәннің атауы, субъектив-объективтердің әртүрлі деңгейдегі шаруашылық әрекеті ретінде және материалдық құндылықтар мен байлықтарды құру бойынша өндірістік әрекеттермен байланысты қоғамдық қатынастардың жиынтығы ретінде қолданылады. Қоғамдық өнім (материалдық құндылықтар немесе байлықтар) адамның экономикалық әрекетінің нәтижесі болып саналады.

Б.К. Моминбаевтың пікірінше, “экономикалық әрекетті экономикалық субъектінің экономикалық санасы, қажеттілігі мен еркін реттейтін белсенділігі” деп түсіну керек [6, 18 б.]

Яғни экономикалық әрекеттің негізгі пәні – материалды байлықтардағы шектеулі ресурстарды қолдану процесінде туындаған мәселелерді шешу және пайда табу көзімен қызмет ету болып саналады. Экономикалық әрекет – бұл нақтылы объектіге тікелей байланысты және тиімділік шартына тәуелді әрекет, мазмұн, форма және тәсілдер. Экономикалық әрекет құрылымындағы басты уәж - экономикалық қызығушылық, экономикалық әрекетті жүзеге асыруға саналы қажеттілік ретінде жұмсалуды. Ал экономикалық тұрақтылық – көздеген мақсатты жүзеге асыру үшін қызығушылық пен тәсілдерді бекіту құралы мен формасы; экономикалық еркіндік-экономикалық жүйенің тиімді дамуының қажетті шарты, оның арқасында экономикалық әрекеттің қатысушылары өзінің іс-әрекетін жүзеге асыру, оның нәтижелерін қолдану және мақсатқа жету мен нәтижелілігі тәсілдерінің түрін өздері анықтайды. Экономикалық әрекеттің мақсаты – адамның өзі қатысатын өмір сүру қалпының сапасын көтеру.

Экономикалық әрекеттің мынадай түрлері белгілі:

- өндірушілік;
- ұйымдастырушылық-басқарушылық;
- аналитикалық;
- коммуникативті;
- қаржылық;
- менеджерлік;
- интеллектуалды.

Осы әрекеттің түрлерінің әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері, адамның экономикалық мәдениетінің дамуына қоятын арнайы талаптары болады.

Экономикалық мәдениет жалпы мәдениеттің құрылымдық бөлшегі ретінде, көпшілік мамандардың пікірінше, екі жақтан қарастырылуы керек. Әлеуметтік жағынан, экономикалық мәдениет – қоғам өмірінің адамдардың мақсатты, тиімді әлеуметтік-экономикалық әрекеттерінің және қазіргі қоғамда қалыптасқан және көрінетін білімдері мен дағдылары, негізінде даму деңгейі.

Экономикалық мәдениет – адамның қоршаған орта мен өзін танудың, қайта өзгертудің заманауи тәсілдерін меңгеру деңгейі. Сонымен қатар, тұлғаның экономикалық мәдениеті мәдениеттің басқа да түрлерінің сипаттамасы болып, олардың құрылымдық бөлшегі ретінде және оларды өзіне біріктіреді. Себебі, экономикалық, құқықтық, экологиялық, адамгершілік, еңбек, эстетикалық және оқушы санасының басқа да түрлері оқушыны жалпы, бірыңғай санасының құрамдас бөлігі болып саналады



1 сурет – Экономикалық тәрбиенің өзге тәрбие түрлерімен байланыстың сызбасы

Осылайша, экономикалық мәдениет қоғамның жалпы мәдениетінің маңызды бөлшегі екенін көреміз. Ол ұрпақтан ұрпаққа таралып отырады. Мәліметтерге сүйенсек, экономикалық білім мен дағдылар өркениеттің

қалыптасуының алғашқы кезеңдерінде-ақ өскелең ұрпақты тәрбиелеу, оқыту және даму процесінің маңызды компоненті болып табылады. Бұны жазушылардың көне мектептері мен шешендік мектептердің “экономикалық жаттығулары”, ортағасырлық оқу орындарындағы күрделі экономикалық дайындықтың болғанын дәлелдейді.

Алайда, біз “экономикалық мәдениет” феноменінің интегративті сипаты болатынына және оның ұғымдық аппараты әртүрлі ғылымдар, атап айтқанда философия, экономика, педагогика, психология, әлеуметтану және т.б. ғылымдар тарапынан жүргізілген зерттеулердің есебінен байып отыратынына көз жеткіздік. Педагогикалық зерттеулер шеңберінде “экономикалық мәдениет” ұғымын анықтау “экономикалық тәрбие”, “экономикалық білім беру”, “экономикалық оқыту”, “экономикалық даму” секілді ұғымдарды талдау арқылы жүзеге асады.

Экономикалық тәрбие саласындағы зерттеулердің ережелері мен қағидаларын жүйелеп көрсеткендей, көпшілік зерттеушілер бұл ұғымды былайша түсіндіреді:

- оқушылардың экономикалық әрекетін олардың оқу-еңбек қоғамдық әрекетінің құрылымдық бөлшегі ретінде экономикалық тәрбиеге тек еңбек процесінде қол жеткізуге болады;
- еңбек, адамгершілік, идеялық-саяси тәрбие синтезі ;
- тәрбиенің жеке бағыты және құрылымдық бөлшегі;

Алайда, жекелеген еңбектерде көпшілік авторлар “экономикалық тәрбие” және “экономикалық білім беру” ұғымдарын бірге қарастырады. Мәселен, С.З.Шадрин “экономикалық тәрбие – оқушылардың экономикалық білім алуы, бұл білімін тәжірибе жүзінде қолдану қажеттілігі мен дағдысының қалыптасуы” деп түсіндіреді [7,5 б.]

Біздің ойымызша, экономикалық мәдениеттің қалыптасуына деген мұндай көзқарастарды “экономикалық даму” деп қабылдау керек. Өйткені, мәселе адамның экономикалық білім мен дағдыны меңгеруі процесінде әлеуметтік-тұлғалық өзгеруі туралы болып отыр.

Адамның экономикалық тәрбиесінің мазмұнына экономикалық тәрбиені *еңбекке, қоршаған ортаға, жекеменшік өніміне, құралдарға, табиғи ресурстарға* деген жауапкершілік қатынасын айтамыз.

“Экономикалық білім” категориясы экономика саласында арнайы кәсіби білім алумен тығыз байланысты. Бұл жағдайда адамның экономикалық мәдениетінің қалыптасу процесі мақсатты, жоспарға сай, теориялық білім мен практикалық дағдыны игерумен қатар жүргізіледі. Алайда, экономикалық

мәдениеттің дамуын адамның кәсіби іс-әрекетінің кез келген саласындағы бәсекеге қабілеттілігінің маңызды бөлшегі ретінде қарастыратын болсақ, экономикалық білім берудің қажеттілігі экономикалық мәдениетті қалыптастырудың маңызды құралы болып саналатыны дау тудырмайды.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (жоба) // Егемен Қазақстан. – 18 маусым, 2010 ж.
- 2 Қазақстан Республикасының Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2015 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» // Егеменді Қазақстан. – 1 желтоқсан, 2015 ж.
- 3 Савина Е. В. Формирование базисных элементов экономики младших школьников в учебном процессе. -Дисс. ...канд.пед.наук.-Челябинск, 1999г.
- 4 Ястребов В. А., Князева Н. В. Формирование экономического мышления учащихся средней образовательной школы // Школа.-№5-2000г.
- 5 Мурадова Н. С. Теоретические основы формирования социально-экономической культуры личности в системе непрерывного образования: монография. – М.: Орел, 2005. – 192 с.
- 6 Моминбаев Б. К. Теоретические основы профессиональной подготовки инженера-педагога в сельхозвузе: автореф. ... докт. пед. наук.– Екатеринбург, 1991. – 34 с.
- 7 Шадрин С. З. Экономическая культура работника: социально-философский аспект: автореф. ... канд. пед. наук. – Омск, 2003. –17 с.

ОПРЕДЕЛЕНИЕ ПОНЯТИЕ «ЭКОНОМИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ» В ПЕДАГОГИЧЕСКОМ ИССЛЕДОВАНИИ

Аннотация

Статья посвящена экономическому образованию и воспитанию учащихся, формированию у них экономической культуры. Авторы рассматривают экономическую культуру личности в тесной взаимосвязи с экономической культурой общества, раскрывают теоретико-методологические аспекты данного понятия. Развитие экономической культуры личности рассматривается через призму философских, социальных и педагогических проблем. В настоящее время экономическое образование необходимо как студентам, так и взрослым. Потому что требования времени привели к этому. Это тесно связано с экономическим образованием и экономической культурой. Экономическая культура тесно связана с другими культурными сферами. Это почти часть жизни. В дополнение к моральным качествам каждого человека, экономическое образование также упрощает и

облегчает жизнь. В последнее время все больше ученых занимаются экономическим образованием. В то же время их исследования также были успешными. Экономическая культура - это уровень самопознания, изменения образа жизни и мотивации современной жизни.

Ключевые слова: экономическое образование, экономическое воспитание, экономическая культура, конкурентоспособная личность, методологические основы.

DEFINITION OF THE CONCEPT OF "ECONOMIC CULTURE" IN A PEDAGOGICAL RESEARCH

Abstract

The article is devoted to economic education and education of students, the formation of their economic culture. The authors consider the economic culture of the individual in close interconnection with the economic culture of society, reveal the theoretical and methodological aspects of this concept. The development of the economic culture of the individual is viewed through the prism of philosophical, social and pedagogical problems. At the time of the economical formation it is necessary for each student, as well as. It is possible that you need time to pay for it. This is a combination of economical image and economical culture. Economical culture is associated with different cultural spheres. This is a part of life. In addition to the moral values of the Coca Cola, the economical image of the product is well worth the money. In addition to all the other aspects of the economy. At the same time, a great deal of research is being done with these recipes. Economical culture - this is the self-improvement, change of life and motivation of modern life.

Ключевые слова: economic education, economic culture, competitive personality, methodological basiss.

УДК3.37.378

**ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В РАМКАХ
КОМПЕТЕНТНОСТНОГО ПОДХОДА СОВРЕМЕННОГО
ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

А.Т. Карасев¹, А.В. Елькина², В.В. Карасева³, П.В. Волошин⁴

¹Д.ю.н., профессор, Уральский государственный юридический университет

²К. ю.н. доцент, Уральский государственный юридический университет

³К.м.н., доцент, Уральский государственный медицинский университет

⁴К ю.н., доцент, Костанайский филиал ФГБОУ ВО «Челябинский
государственный университет.

Аннотация

Статья посвящена современному процессу обучения студентов в вузе, так как применение новых технологий расширяет границы преподавания и получения знаний, применения имеющихся умений и навыков в практической деятельности. Включенность современного вуза в информационное образовательное пространство определяет необходимость к погружению студентов в сферу новых образовательных технологий, актуализирует творческие и интеллектуальные ресурсы, мотивирует на научно-исследовательскую деятельность, повышает уровень познавательного интереса. Цель статьи определить инновационные технологии в качестве инструмента развития компетенций студентов. По мнению авторов, внедрение информационных технологий в рамках компетентностного подхода в вузе создаст возможность для доступа к профессиональным знаниям лиц с ограниченными возможностями, лиц, проживающих в труднодоступных местностях, лиц, имеющих достаточно ограниченное время на изучение материала, при этом образование остается доступным, качественным и эффективным.

Ключевые слова: *компетенция; образовательные технологии, инновационные процессы, высшее образование.*

В России переход на компетентностный подход в образовании был закреплен в 2001 году в Программе модернизации российского образования до 2010 года [1], а окончательно утвержден с введением новых Федеральных государственных образовательных стандартов и принятием Национальной доктрины образования Российской Федерации до 2025 года [2]. Поэтому


проблема формирования у студентов профессиональных компетенций до настоящего времени остается актуальной.

Для реализации идей компетентного подхода необходимо было разработать новые основные образовательные программы (ООП) высшего образования, которые активно внедряются в вузах. Программы направлены на получение знаний, умений, на овладение обучающимися компетенциями в профессиональной сфере, что предопределяет поиск новых методов ведения образовательной деятельности [3, с.25; 4, с. 83; 5, с.34].

Понятие «образование» тесно связано с такими терминами как «обучение», «воспитание», «формирование», «развитие» [6]. В словарях термин «образование», рассматривается как существительное от глагола «образовывать» в смысле: «создавать», «формировать» нечто новое. Создавать новое – это и есть инновация, следовательно, образование по своей сути уже является инновацией [6].

В настоящее время процесс образования постоянно подвергается переменам для обеспечения соответствия уровня подготовки будущих специалистов требованиям реальности. Преподаватели поэтапно вовлекают обучающегося в область профессиональных знаний. Раскрытие творческих возможностей, завершение процесса профессионального развития, повышение уровня интеллектуальной и социальной приспособленности – все эти аспекты образовательного процесса предполагают применение преподавателями инновационных технологий.


Под инновационными технологиями в образовании понимаются технологии, направленные на достижение основных целей образования и повышение качества образования. Направления деятельности вузов в области инноваций представлены на следующей схеме.



Дополнительное
технологии
образование

Подготовительные курсы

Новые



В результате внедрения указанных инноваций образовательное учреждение способно:

1. увеличить прибыль за счет дополнительного притока студентов на современные образовательные программы, продиктованные временем;
2. выйти на новые рынки труда работодателей (учебная, производственная практики, трудоустройство выпускников), что согласуется с требованиями к практико-ориентированной подготовки студентов;
3. повысить качество образования, научно-теоретически и технологически обеспечив процесс подготовки студентов.

В современных условиях эффективность технологического образовательного процесса повысится [7, с.29], если обеспечивается комплексное научно-методическое сопровождение системы формирования компетенций студентов, стимулирующее преподавателей к постоянному поиску и применению современных образовательных технологий.

Для эффективности инновационной деятельности в вузе необходимо [8, с.8] внедрить в педагогическую систему: компетентностно-ориентированные технологии; организацию передового педагогического опыта по технологическому сопровождению образовательных программ, а также ежегодно анализировать и обобщать результаты инновационной работы с оформлением результатов в виде методических рекомендаций [9, с.8-11].

Кроме того, нельзя не отметить и ряд проблем компетентностного подхода в образовании:

- 1) идеалистичность предлагаемых формулировок компетенций;

2) модульность образовательных программ, требующих дополнительного времени на подготовку самих преподавателей к такой деятельности;

3) дополнительные требования, предъявляемые к профессионально-педагогической компетентности преподавателя.

4) проблема преемственности и непрерывности образования. Сложность представляется в назначении каждой ступени образования (от дошкольного до послевузовского) и их взаимосвязь.

Что касается научно-методического, организационно-управленческого и психологического сопровождения инновационной деятельности, то здесь также имеются определенные проблемы, а именно:

- основным объектом инновации является методическая база, которая должна быть закрыта профессионалами (проблема в соответствующих кадровых ресурсах);

- объективное снижение традиционных количественных показателей эффективности образовательного процесса (должно пройти достаточно времени, чтобы определиться с приоритетами в области инноваций, аккумулировать статистику, сделать качественные выводы и провести работу над ошибками и т.д.) [9, с.8-11];

- снижение мотивации части педагогических работников в связи с увеличением их трудозатратности в ходе выполнения дополнительной работы, связанной с инновацией, при этом у учебного заведения не всегда есть возможность компенсировать это материальным (в т.ч. в виде эффективного контракта) и моральным поощрениями.

Все вышеизложенное позволяет сформулировать основную закономерность внедрения инноваций в компетентностный подход образовательного процесса: чем выше статус инноваций, тем больше требований к научно-обоснованному управлению инновационным процессом.

«Современное образование как в России, так и в других странах определяет увеличение роли рынка труда, внедрение новых технологий знакомства студентов с будущей профессией, закрепляет важность не содержания образования, а его результат. Инновационные образовательные средства могут и должны использоваться на всех уровнях подготовки специалиста (бакалавриат, специалитет, магистратура, аспирантура), но при

этом, для эффективности управления этим процессом, его необходимо знать» [10, с.45].

Внедрение информационных технологий в рамках компетентностного подхода в вузе также создает возможность для доступа к профессиональным знаниям лиц с ограниченными возможностями, лиц, проживающих в труднодоступных местностях, лиц, имеющих достаточно ограниченное время на изучение материала, при этом образование остается доступным, качественным и эффективным.

Литература:

1. Приказ Министерства образования Российской Федерации (№ 1313 от 01.04.2003) «О программе модернизации педагогического образования»
2. Национальная доктрина образования в Российской Федерации (одобрена Постановлением Правительства Российской Федерации № 751 от 04.10.2000).
3. Овчаренко О.И. Образовательные технологии как средство формирования профессиональной компетенции бедующих специалистов // Вестник Таганрогского института управления и экономики. 2015. – 120 с.
4. Варлакова Ю.Р. Особенности применения интерактивных методов обучения в профессиональном образовании // Вестник Томского государственного педагогического университета. - 2017. – С.82-85.
5. Масалимова А.Р. Влияние инновационных технологий на формирование профессиональных компетенций студентов // Концепт. - 2018. – С.33-36.
6. Федеральный закон от 29.12.2012 № 273-ФЗ (ред. от 31.12.2014, с изм. от 06.04.2015) «Об образовании в Российской Федерации» (с изм. и доп., вступ. в силу с 31.03.2015) // Российская газета, № 303, 31.12.2012.
7. Бикмухаметов И.Х. Инновационные направления модернизации профессионального образования // Управление экономическими системами. - 2010. – С.27-30.
8. Загвязинский, В.И. Инновационные процессы в образовании и педагогическая наука / В. И. Загвязинский//Инновационные процессы в образовании: Сборник научных трудов. - Тюмень: 1990. - С. 7-10.
9. Гребенюк И.И. Проектирование образовательного процесса современного вуза. / И.И. Гребенюк, Д.В. Сурмачев, С.Э. Чехова // Современное образование. Проблемы и решения», Тайланд (Бангкок-Паттайя) 19-30 декабря 2011г.// Международный журнал экспериментального образования. - 2012. - № 1. - С. 8-11

10. Гребенюк И.И., Голубцов Н.В., Кожин В.А., Чехов К.О., Чехова С.Э., Фёдоров О.В. монография «Анализ инновационной деятельности высших учебных заведений России» // Издательство «Академия Естествознания». - 2012. – С.43-46.

ЗАМАНАУИ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДЕГІ ҚҰЗІРЕТТІЛККЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР.

Түйіндеме

Мақала қазіргі заманғы оқыту процесіне студенттердің жоо-да, себебі жаңа технологияларды қолдану аясын кеңейтеді, оқыту және білім алу, қолдану, қолда бар біліктер мен дағдыларды практикалық қызметте. Баяу кіруі заманауи жоо-ның ақпараттық білім беру кеңістігіне қажеттілігін анықтайды қарай суга түсуге дайындайды студенттер саласына жаңа технологияларды жаңартады шығармашылық және зияткерлік ресурстар, ынталандырады, ғылыми-зерттеу қызметін арттырады, танымдық қызығушылығын. Мақсаты-баптың анықтау инновациялық технологияларды дамыту құралы ретінде компетенцій студентов. Авторлардың пікірінше ақпараттық технологияларды енгізу құзыреттілік тәсіл шеңберінде жоо мүмкіндік береді қол жеткізу үшін кәсіби білімі, мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың тұратын баруы қиын жерлерде, адамдардың жеткілікті шектелген уақыт зерттеу үшін материал, бұл ретте білімі қалады қол жетімді, сапалы және тиімді.

***Түйін сөздер:** құзыреті; білім беру технологиялары, инновациялық процесстер, жоғары білім.*

INNOVATIVE TECHNOLOGIES WITHIN THE COMPETENCE APPROACH OF MODERN PROFESSIONAL EDUCATION

Annotation.

The article is devoted to the modern process of teaching students at a university, since the use of new technologies expands the boundaries of teaching and gaining knowledge, applying existing skills in practical activities. The involvement of a modern university in the educational information space determines the need for students to immerse themselves in the field of new educational technologies, updates creative and intellectual resources, motivates them to research, and increases the level of cognitive interest. The purpose of the article is to identify innovative technologies as a tool for developing students' competencies. According to the authors, the introduction of information technologies within the framework of the competency-based approach at the university will create the

opportunity for people with disabilities, people living in hard-to-reach places, people with a fairly limited time to study material to access professional knowledge, while education remains accessible, high-quality and effective.

Key words: *competence; educational technologies, innovative processes, higher education.*

ӘӨЖ 372.8:159.9

ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ешманова Жақұт

ШҚ ББ «Қосалқы мектеп-интернаты» КММ

Түйіндеме

Мақалада зияты зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының эмоционалдық ерекшеліктері және оны түзету проблемаларының арнайы психология мен арнайы педагогикада өз өзектілігін жоғалтпағаны сөз болады. Ақыл ойы кемтарлығы деген кең мағынадағы ұғым, ол түрлі науқастар мен жағдайларды біріктіреді. Арнайы педагогика нақты психикалық дамуы тежелген және зиятында ауықуы бар балаларға арнайы білім беру мәселесін қарастырады. Мүмкіндіктері шектеулі балалар қатарында жиі кездесетін ақыл-ой кемтар балалар. Ақыл ой кемтар балалардың ми қыртысының органикалық түрде зақымдалу салдарынан танымдық әрекеттегі ауытқулары бар.

Зиятында ауытқулықтары бар адамдар бойындағы кемістіктің ерекшелігі жоғарғы психикалық функцияның мінез бен іс-әрекетті бейнелеу және реттеудің бұзылуы. Бұл танымдық процестердің бұзылуында (сезу, қабылдау, есте сақтау, ойлау, елес, сөйлеу тілі, зейін), сезімдік - еріктік сфера, моторикасында және тұлғалық дамуындағы жетіспеушіліктер мен сипатталады.

Тірек сөздер: *психология, арнайы педагогика, мектеп, эмоция, оқыту, әдістеме, дағды, мәтін, деңгей.*

Зияты зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының эмоционалдық ерекшеліктері және оны түзету проблемасы арнайы психология мен арнайы педагогикада өз өзектілігін жоғалтқан жоқ. Бұл проблеманы зерттеген А.С.Белкин [1], Л.С.Выготский [2], С.Д.Забрамная [3], Л.В.Занков [4], Н.Л.Коломинский [5], Ж.И.Намазбаева [6], М.С.Певзнер [7], В.Г.Петрова [8], С.Я.Рубинштейн [9], және т.б. авторлар арнайы (түзету) мектеп оқушысының

эмоционалды ерекшеліктерінің елеулі кемшіліктерін анықтады. Мұндай оқушының эмоционалды ерекшеліктері бастауыш жас деңгейінде байқалады, ал оның бұзылуы одан да ерте кезде басталған. Кемшіліктердің көптеп анықталуы зияты зақымдалған бастауыш сынып оқушыларына білікті түзету көмегін көрсету қажеттілігін растап отыр. Ол үшін мұндай балалардың эмоционалды дамуын тереңірек зерттеу керек.

Бұл мәселе тарихта XV ғасырдан бастап қарастырылған. XIX ғасырда осы мәселені өз еңбектерінде Б.Миндель, А. Фуке, Д. Эскироль қозғаған. Алайда XX ғасырдың 20-жылдарына дейін бұл жай арнайы психология мен педагогикада зият тұрғысынан ғана зерттелді. Зият зақымына ғана басты назар аударылып, зияты зақымдалған балалар тұлғасының басқа жақтары маңызды деп саналмады. Ерекше пікір айтқан дәрігер Э.Сеген инстинктерге (түйсіктерге) тоқталып, ақыл-есі кемуінің негізгі себебін эмоционалды-ырық аясынан іздеді: мешел баланың тәні әлсіз, ақылы кем, психикасы жетілмеген.

Кейіннен Л.С.Выготский ақыл-есі кемуінің зияттық және волонтаристік тұжырымдамасын орынды сынап, зият пен аффект бірлігі идеясын дамытты. Ақыл-есі кемуі, оның пікірінше, жалпы ақау, ол тұтастай алғанда баланың бүкіл психикасын қамтиды. Л.С.Выготский зияты зақымдалған және қалыпты баланың айырмашылығы зият пен аффект арасындағы қатынастар өзгешелігінде деп түсіндірді. Шетелдік ғалымдар, мысалы, П.Моор эмоционалды аумаққа ықпал маңыздылығын ерекше атап өтті. Оның айтуынша, зияты зақымдалғандар оқытудан гөрі тәрбиеленуге бейім келеді. Оларды табысты бейімдеу үшін оларда ұстамдылықты, сабырлықты, бағыныштылықты тәрбиелеген жөн. Бірақ та бұл тек сыртқы бейімделу болып қалады. Н.Рош зияты зақымдалған балалар эмоционалды қолдау болмаған жағдайда үрей мен агрессияға бейім болатынын дәлелдеді. Агрессиялық мінез-құлықты зерттеген Р.Бэрон, У.Гарднер, М.Раттер, Д.Ричардсон айбат шегу баланың жағдаятқа эмоционалды жауап қайтаруы деп санады. Сол себепті осы балалармен қатысымда шыдамсыздық, сабырсыздық, тұрпайылық көрсетуге тыйым салу қажеттілігін сөз қылды. Оның орнына балаларды демеу, қолдау, мақтау оларда қоршаған ортаға жағымды көзқарас және құлықтың дұрыс формаларын қалыптастыратынын айтты.

Зияты зақымдалған балалардың эмоционалды және тұлғалық даму проблемасы XX ғасырдың 30-жылдары ерекше көкейтесті болды.

Зияты зақымдалған балалардың психологиясын зерттеген ғалым С.Д.Забрамная [3] көрсеткендей, олигофрендерде танымдық, эмоционалды және ырықтық аумағының дамымауының себебі қалыптан қалуда ғана емес,

сонымен қатар тереңнен бойлайтын өзгешелікте. Мұндай жағдайда бала дамиды, бірақ өте жай, қалыптан тыс, ауытқулармен есейеді. Бірақ соның өзінде психикалық іс-әрекетте сандық және сапалық өзгерістер болып жатады.

Зияты зақымдалған балалар тұлғасының кешенді проблемасын теориялық негіздеу Л.С.Выготский атымен байланысты. Адам психикасының қызмет аралық байланыстары мен жүйелік құрылымы туралы қағиданы алға тартып, Л.С.Выготский зият және ерік аумағының тығыз байланысы туралы пайымдады [2]. Дамуды ағза мен ортаның өзара әрекеті деп түсіндірген ғалым «дамудың әлеуметтік жағдаяты» деген ұғым қалыптастырды. Баланың күйзелісі, оның ортаға қатынасы «дамудың әлеуметтік жағдаятының» маңызды буыны деп түсіндірілді.

Ресей психологы Л.Занков өз жұмыстарында зияты зақымдалған балалардың эмоционалды дамуының барлық деректерін жалпылады. Дамудың сыртқы факторларының қатарына арнайы оқыту мен өмірін дұрыс ұйымдастыруды жатқызды. Ғалымның пікірінше, осы балаларға тән ашудың, реніштің, қуаныштың серпінін біртіндеп баланы мақсатқа лайықты тәрбиелеу арқылы түзетуге болады екен [4].

Тұрмыста өзін дұрыс ұстау дағдыларын қалыптастыруды сонымен бірге И.М.Соловьев, Ю.С.Юсевич зерттеген. Олардың зерттеулерінде зияты зақымдалған балалардың өзін-өзі бағалауы дұрысталып, ерік пен эмоция көріністері уақыт өткен сайын неғұрлым саналы болатыны жазылды.

Ресей ғалымы М.С. Певзнер көп жылдар бой зияты зақымдалған балаларды емдеу-психологиялық қолдау бағытында зерттеу жүргізген. Ғалым бастаған қызметкерлер тобы олигофренияның өзіндік тұжырымдамасын дайындап, осы кеселге ұшыраған балалардың топтамасын әзірледі [7]. Эмоция көріністерінің қарқындылығына қарай балалар бірнеше клиникалық топтарға бөлінді. М.С. Певзнер қорытындысы бойынша, барлық зияты зақымдалған балаларға тән нәрсе – эмоционалды жетімсіздік, сезім саралануы мен тұрақсыздығы, күйзеліс шеңберінің тарлығы, шектен аса қуанышқа бөлінуі, қаймығуы, ренжуі.

Атақты психолог Ж.И.Шиф көрсеткендей, арнайы мектеп түлектерінің эмоционалды аумағы кем болғанмен, таным әрекетіне қарағанда неғұрлым сақталған болып келеді.

Зияты зақымдалған балалардың эмоционалды дамуы проблемасы жеткілікті қарастырылмағандықтан, Л.С.Выготский [2], Л.Занков [4], Н.Л.Коломинский [5], Ж.И.Намазбаева [6] және т.б. ғалымдардың

зерттеулерінің қорытындысы бойынша, психиканың осы компонентін тереңдеп зерделеу үшін *мына негізгі өлшемдерді басшылыққа алу қажет:*

- психиканың зиятты және аффективті компоненттерінің өзара әрекеттесу өзгешеліктерін сипаттайтын зияттық реттеу деңгейін;
- эмоционалды көріністердің дұрыстығын, олардың күші мен мазмұны жағынан сыртқы стимулдарға сәйкес келуін;
- эмоционалды көріністердің өзгермелі сипаттамаларын: қарқынын, тереңдігін, күйзелістер тұрақтылығын, олардың пайда болу жеңілдігі мен жиілігін, ұзақтығын;
- түрлі жас кезеңдерінен өткен сайын зияты зақымдалған балалардың эмоционалды кейпіндегі өзгерістерді;
- күйзеліс шеңбері, олардың саралануы, арнайы оқыту жағдайында жоғары, әлеуметтік маңызды сезімдерді қалыптастыру мүмкіндігін;
- эмоционалды дамудың сезіммен берілуін, күйзелістің сөзбен, мимикамен, пантомимамен берілуін;
- сөйлесімнің эмоционалды мәнері интонациямен қатар тілдің терминологиялық «жабдықталуымен», белгілі сөз қорымен берілуін;
- басқа адамдардың эмоционалды қарқынының вербальды және вербальды емес белгілерін түсінуге қабілетін, олардың қатынастарын, күйлерін, күйзелістерін қабылдау және түсіну сапасын *ескеру керек.*

Ресей ғалымдары Л.С.Выготский, Л.В.Занков, Г.М.Дульнев, М.С.Певзнер, С.Я.Рубинштейн еңбектері көрсеткендей, ақыл-есі кем жағдайда зият пен аффектінің өзара әрекеті эмоцияларды зиятпен реттеудің төмендеуінде білінеді. Өз күйзелістерінде, өз ойын айтуда зияты зақымдалған оқушылар бастыны (негізгіні) бөліп көрсетуде қиналады, сол себепті елеусіз жағдайларға әсерлі жауап қайтарады. Олар тек «тура сезеді»: нақты оқиғаның салдарына баға бере алмайды, жағдаятқа сай өз сезімдерін реттей алмайды.

Зияты зақымдалған балалардың эмоционалды дамуын зерттеген О.Е.Шаповалованың пікірінше, зияты зақымдалған жағдайда іс-әрекеттер эмоционалды импульстар ықпалымен жасалады. Демек, арнайы мектептегі түзету-тәрбиелеу жұмысының тиімділігі педагогтың оқушылардың эмоционалды ерекшеліктерін қаншалықты жақсы білетініне байланысты.

Атақты психологтар Л.С.Выготский [2], Л.Занков [4], Н.Л.Коломинский [5], Ж.И.Намазбаева [6] және т.б. ғалымдардың зерттеулерінің қорытындысы бойынша, зияты зақымдалған оқушылар қатысымға түсетін серіктестерінің тұлғалық қасиеттерін жеткілікті жақсы білмейді, сол себепті көп жағдайда ересектердің бағасын қайталайды. Тұлға

аралық қатынастармен байланысты проблемалық жағдаятты шешерде ең тиімсіз тәсілдер таңдалады. Бағалауда сыни көзқарас болмайды, тез қозатын балалар әдетте *эмоционалды лабильді болып келеді*. Өз күйзелістеріне шамадан тыс көп мән беріп, ал шынайы ауыр жағдаяттарға жеткілікті жеңіл қарайды.

Зерттеулер көрсеткендей, зият бұзылысының асқынбаған қалыптарында немесе жеңіл дәрежесінде эмоционалды даму барлық немесе негізгі өлшемдер бойынша бұзылады. Асқынған нұсқаларында, әсіресе, прогрессивті қалыптарында медициналық көмекті талап ететін патологиялық құбылыстар байқалады. Эмоционалды-ырықтық аумағының жеткілісіз дамуы кезінде зияты зықымдалған балаларда сезімдер аурушаң сипат алады: эмоциялар (дисфория, эйфория, енжарлық) жиі байқалады. Енжарлық иланушылықпен, қырсықтықпен кезектеседі. Сыртқы әсерге тура да қарапайым жауап қайтарылады. Мұның себебі тұлғаның жетілмеуі, өзін-өзі ұстай алмауы, ағымдағы сыртқы әсерді дұрыс өңдей алмауында жатыр.

Рсей психологы Л.С.Выготский қарапайым жауап қайтаруға іске лезде асатын күшті аффектілер қатарын жатқызады. Оны ғалым *эксплозивті жауап қайтару* деп атайды. Эмоционалды-ырықтық аумағының жеткілісіз дамуы тұтастай алғанда зияты зақымдалған балаларда жұмыс қабілетін төмендетіп, мінез-құлықтың, әлеуметтік бейімделудің нашарлауына әкеледі.

Әдебиеттер

1. Белкин А.С. Нравственное воспитание учащихся вспомогательной школы: Учебное пособие для студентов пединститутов / А.С. Белкин — М.: Просвещение, 1977.-138 с.
2. Выготский Л.С. Вопросы детской психологии / Л.С. Выготский /Психология. - М., 2000. С.892-997.
3. Забрамная С.Д. Психолого-педагогическая диагностика умственного развития детей / С.Д. Забрамная. М.: Просвещение; Владос, 1996. - 112 с.
4. Занков Л.В. Психология умственно отсталого ребенка /Л.В.Занков.- М.: Учпедгиз, 1939.-64 с.
5. Коломинский Н.Л. Развитие личности учащихся вспомогательной школы / Н.Л. Коломинский. — Киев: Радянська школа, 1978. 87 с.
6. Намазбаева Ж.И. Некоторые особенности личности учащегося вспомогательной школы / Ж.И. Намазбаева / Современное состояние исследований по изучению, обучению и трудовой подготовки аномальных детей. Тезисы докладов. М., 1983.-198 с.
7. Певзнер М.С. Дети олигофрены / М.С. Певзнер. - М.: АПН РСФСР, 1959.-486 с.

8. Петрова В.Г. Психология умственно отсталых школьников /В.Г.Петрова, И.В. Белякова // учебное пособие для студентов высших педагогических учебных заведений. М.: Академия, 2002. - 160 с.

9. Рубинштейн Л.С. Основы общей психологии : в 2 т. / С. Л. Рубинштейн.- 3-е изд. М.: Педагогика, 1989.

ОСОБЕННОСТИ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ ТРАВМАТИЧЕСКИХ ТРАВМ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫХ СТУДЕНТОВ

Аннотация.

В статье рассматриваются проблемы учеников младших классов с эмоциональными нарушениями и проблемы их коррекции в реальной психологии и специальной педагогике. Психическое расстройство - это широкий термин, объединяющий разных пациентов и ситуации. Специальная педагогика решает проблему специального образования для детей с умственной отсталостью и умственной отсталостью. Дети с ограниченными возможностями являются наиболее распространенными детьми с ограниченными возможностями. Дети с умственной отсталостью имеют когнитивные нарушения из-за органического повреждения головного мозга.

Отличительной чертой расстройства у людей с нарушениями интеллекта является нарушение визуализации и регуляции поведения и поведения высших психических функций. Для него характерны нарушения когнитивных процессов (чувство, восприятие, память, мышление, призраки, речь, внимание), сенсорно-волевые сферы, отсутствие двигательного и личностного развития.

Ключевые слова: психология, специальная педагогика, школа, эмоция, обучение, методология, навыки, текст, уровень.

FEATURES OF EMOTIONAL DEVELOPMENT OF TRAUMATIC INJURIES OF INTELLECTUAL STUDENTS

Annotation.

The article discusses the problems of elementary school students with emotional disorders and the problems of their correction in real psychology and special pedagogy. Mental disorder is a broad term that brings together different patients and situations. Special pedagogy solves the problem of special education for children with mental retardation and mental retardation. Children with disabilities are the most common children with disabilities. Children with mental retardation have cognitive impairment due to organic brain damage. A distinctive feature of the disorder in people with intellectual disabilities is a violation of the visualization and regulation of the behavior and behavior of higher mental functions. It is characterized by violations of cognitive processes (feeling, perception, memory, thinking,

ghost, speech, attention), sensory-volitional spheres, lack of motor and personal development.

Keywords: psychology, special pedagogy, school, emotion, training, methodology, skills, text, level.

МРНТИ 14.15.15.

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ ЖАҒДАЙЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Н. С. Асенова¹, А. К. Нажипова²

¹ П.ғ.д., профессор, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті

² Педагогика және спорт факультетінің магистранты Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті,

Аннотация. Мақалада бастауыш сыныптың білім беру үрдісінде инновациялық технологияларды пайдаланудың негізгі ұстанымдары қарастырылған. Білім беру жүйесін реформалаудың заманауи үрдістері оқытудың жаңа ұстанымдарын талап етеді. Жалпы орта мектепте оқытудың және білім берудің сапасын жетілдіретін, оқытушының әдістемелік құрал – жабдықтарын жетілдіруге бағытталған инновациялық технологияларды қолдану ерекше өзектілікке ие. Мектепте бастауыш сатыда оқытушылар тарапынан инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдану арқылы оқушылардың басты құзыреттілігін қалыптастыруда бастапқы саты болып табылады. мақалада инновация, инновациялық технология түсініктеріне анықтама берілген, оқытудың инновациялық ұстанымдарының мақсаты мен міндеттері анықталған, бастауыш сыныпта қолданылатын инновациялық технологиялардың негізгі мазмұнына сипаттама берілген: зерттеу жоба технологиясы, АКТ технологиясы, денсаулық сақтау, портфолио технологиялары, т.б. Жаңа оқыту технологияларын қолдану оқыту сапасына қойылатын жаңа талаптарға шарттас, оның шешуші элементтері қатарына функционалды сауаттылық, оқытудағы құзыреттілік тәсілі, ақпараттандыру, компьютерлендіру, экологияландыру ұстанымдары салынған.

Түйін сөздер: инновациялар, инновациялық технологиялар, бастауыш мектеп, әдістер, жаңғырту және жаңартылған мазмұн

Қазіргі таңғы Қазақстанда дүние жүзілік білім беру кеңістігіне негізделген, білім берудің жаңа жүйесі қалыптасу жолында. Бұл үдеріс

педагогикалық теория мен тәжірибеде мәнді өзгерістермен негізделеді. Біздің қоғамымыздың ең басты мәселелерінің бірі құбылмалы әлеуметтік және экономикалық жағдайларда өмір сүруге дайын ғана емес, сонымен қатар қолда бар әрекеттерді жақсы жаққа қарай өзгерте отырып, бәсекелесу қабілеті бар жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. [1, 21 б.].

«100 нақты қадам» Ұлт жоспарында Мемлекет басшысы экономикалық өсудің іргелі негізі ретінде ЭЫДҰ елдерінің стандарттары негізінде адами капиталдың сапасын арттыруды көрсетті. Осы бағытты іске асыру білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін стандарттар мен бағалау жүйесін жаңартуды көздейді.

Бұл мәселе ХХ ғасырдың соңғы ширегінде белсенді түрде арақатынасы туралы пікірталастар қайта жаңғырды. Халықтардың ұлттық сана сезімінің өсу үдерістері ұлттық білім беру жүйесінде антропогуманитарлы мәселені алға қоюда. Жеке тұлғаның қалыптасу жолында жаңа талаптар алға қойылууда. [2, 3 б.].

Осындай тұлғаны қалыптастыруда білім беру жүйесін қайта құру процесінде келесі міндеттерді шешу қажет: балаға барынша өзін-өзі іске асыру үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету; жалпы оқу шеберлігі мен дағдыларын қалыптастыру; мектептегі тәрбие процесін өзін-өзі тәрбиелеуге айналдыру; оқу-тәрбие үрдісінде тұлғалық көзқарасты жүзеге асыру; оқушылардың оқыту сатылары бойынша білім беру стандарттарын меңгеруін қамтамасыз ету; оқушылардың өзіне деген сенім; өзін-өзі тәрбиелеу және өз білімін қалыптастыру; өмірлік маңызды процесс ретінде оқуға деген тұрақты мотивацияны қалыптастыру; тұлғаның адамгершілік, ерік және эстетикалық салаларын дамыту; тұлғаның шығармашылық, оқушылардың шығармашылығын оның әр түрлі көріністерінде қолдау және дамыту оқушылардың өзін-өзі жетілдіру қажеттілігін қалыптастыратын тәрбие-білім беру ортасын құру.

Инновация» термині «novatio» латын тілінен шыққан, бұл «жаңарту» (немесе «өзгерту») дегенді білдіреді және латын тілінен «бағыт» ретінде аударылатын «in» префиксі, егер «innovatio» — «өзгерістер бағытында» сөзбе-сөз аударса. Инновация - бұл кез келген жаңалық немесе жаңашылдық емес, қолданыстағы жүйенің тиімділігін айтарлықтай арттыратын ғана. Жаңашылдық (инновация) — бұл іске асырылған өзгеріс [3, 261 б.].

Инновациялар қарқынды өзгертін заманауи әлемнің бейнесін қалыптастырады. Инновациялық технологиялар бүгінде үдемелі қарқынмен пайда болуда, оларға мемлекет пен қоғамның дамуы байланысты. Әрбір адам,

соның ішінде бүгінгі оқушы үшін тұлға ретінде, кәсіби тұлға ретінде, қоғам мүшесі ретінде, инновациялық ойлауды меңгеру маңызды.

Жалпы білім берудің инновациялық білім беру технологияларына мемлекеттік деңгейде үлкен мән беріледі. Инновацияларды енгізу бойынша жергілікті тәжірибелер мен бастамалар бүгінде бүкіл отандық білімнің өсу үрдісі ретінде қарастырылуда. Мұндай әдістемелер білім беру қызметінің нақты бағыттары бойынша инновациялық алаңдардың негізіне айналады. Ал инновациялық білім беру технологиялары бүгінде ешқашан сұранысқа ие. Инновация-жаңа білімнің, жаңа еңбекті ұйымдастырудың және басқарудың жаңа әдістерінің көмегімен жаңа өнімдерді жасау.

Бүгін мектепте жаңашылдық-бұл интерактивті тақта мен электрондық күнделікті пайдалану мысалдары ғана емес өзара іс-қимылды жолға қоюға байланысты жаңа мүмкіндіктерді көрсетеді. Шын мәнінде, топтағы оқушылар арасында белгілі бір тұлғааралық өзара қарым-қатынастар пайда болады; және олардың оқу іс-әрекетінің табыстылығы көбінесе қандай болатынына байланысты болады. Оқу материалы негізінде оқушылардың өзара іс-қимылын шебер ұйымдастыру жалпы оқу іс-әрекетінің тиімділігін арттырудың қуатты факторы болуы мүмкін. Педагогикалық технологиялардың артықшылығын көрсетеміз: ол педагогтарға жаңа білімді меңгеруге, педагогикалық қызметте стандартты емес тәсілдерді қолдануға көмектеседі; нақты оқу пәні бойынша бағдарламада қойылған мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді; сынып-оқу жүйесі жағдайында технология оқу үдерісіне оңай үйлеседі.

Білім беру үдерісін психологизациялау; компьютерлендіру бастауыш сынып оқытушылардың қазіргі заманда жаңартылған білім мазмұнына сай қызықтырады. Алайда, тәжірибе көрсетіп отырғандай, оның ұйымының бірінші тәжірибесі сәтсіз болуы мүмкін (шамадан тыс шу, баяу жұмыс қарқыны, оларды бірлесіп әрекет ете алмауы және т.б.), балалар арасындағы қарым-қатынас сипаты өзгереді; сыныптағы достық нығайып, мектепке деген көзқарас өзгереді; сынып тұтастығы күрт артады, балалар бір-бірін және өздерін жақсы түсінеді; өзін-өзі бақылау өсуде, дәлірек айтқанда өз мүмкіндіктерін бағалайды, өзін жақсы бақылайды; оқушылар қоғамда өмір сүруге қажетті дағдыларды меңгереді: басқа адамдардың ұстанымдарын ескере отырып, өз мінез-құлқын құра білу, такт, ашықтық.

Бастауыш мектеп үздіксіз білім берудің барлық жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Заманауи инновациялық педагогикалық технологияның бірі ол проблемалық оқыту. Проблемалық оқыту проблемалық ынталандыруды талап

етеді, сондықтан сабақ барысында қолданылатын дидактикалық материал проблемалық жағдайлардың буын тізбегі ретінде құрастырылуы тиіс.

Мұғалім проблемалы оқыту технологиясымен жұмыс істеу кезінде сабақта оқу үдерісін ұйымдастыру өзара байланысты төрт кезеңнен тұратынын есте сақтау қажет. Біріншіден, проблемалық жағдайды тудыру, екіншіден, жағдайды шешу бойынша гипотезалар, үшіншіден, шешімін іздеу, төртіншіден, аргументация, қорытындылар

Жоба әдісі АҚШ 1919 жылы нақты қалыптасқан болатын (В.Х.Килпатриктің «Жобалау әдістері» еңбегі) [4, 5 б.]. Аталған әдістің нәтижесінде оқушылардың үлкен дербестікке әкелетін белсенділігі дамиды; әлеуметтік жауапкершілік сезімі нығаяды [5, 131 б.]. Зерттеу әрекеті барысында қолданылған дереккөздердің саны емес, түпдеректердің мәліметтерін салыстыру арқылы оларды шығармашылықпен талдау, оның негізінде жаңа ой түйінділер шығару басым болып табылады. Зерттеу әрекеті деп шешімі алдын ала белгісіз зерттеу міндеттерін оқушылар тарапынан шешуді атайды

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, яғни, АКТ-ны сауатты пайдалану педагогикалық процестің кез келген сатысында оң нәтиже береді деген қорытынды жасауға болады. Бірақ сонымен қатар, оқытуда АКТ-ны пайдалану оқушылардың дисплейдің экранында болу ұзақтығына байланысты бірқатар жағымсыз әсерлерге бастамашылық етуі мүмкін.

Интерактивті анимациялар, бейнесюжеттер, оқушылардың презентацияларын пайдалану арқасында назар аударудың шоғырлануы байқалатыны; есте сақтаудың барлық түрлерін қосу: көру, есту, моторлы, ассоциативті; пәнді оқуға деген қызығушылықтың артуы; оқуға деген ынталандырудың артуы. Презентациялардың арқасында, әдетте сабақта жоғары белсенділігімен ерекшеленбеген балалар өз пікірлерін белсенді түрде жеткізе бастады.

Экрандағы жарқын сурет-материалды беру тәсілі ғана. Бұл бір жақты қозғалыс. Сабақта ең маңыздысы - мұғалім мен оқушының өзара қарым-қатынасы, олардың арасында үнемі ақпарат алмасуы. Бұл жалпы жаңа компьютерлік технологияларға жеңілдетеді; таным пәніне деген қызығушылықты қозғайды; балалардың жалпы ой-өрісін кеңейтеді; сабақта көрнекілікті қолдану деңгейі артады; теориялық материалды толық меңгеру жүреді, тест бойынша ерекшеленеді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану кезінде санитарлы талаптарды ескеру өте маңызды, онда компьютерді сабақта пайдалану ұзақтығы көрсетілген.

Танымдық және зерттеу құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік беретін тиімді құрал шығармашылық іс-әрекет болып табылады. Оқушы «әрекет» жасап бастау үшін, белгілі бір мотивтер қажет. Сабақ барысында мәселелік жағдайлар туындату қажет, бұндай жағдайда оқушы мәселені шешу үшін элементтерді қиыстыру қабілеттерін көрсетеді. Оқытудың зерттеу әдістерін қолдану нәтижесінде оқушылар келесідей тұлғалық белгілі бір дара қасиеттерге иеленеді:

- өздігінен іскерлікпен қолданады;
- өздігінен, сын көзбен ойлауға үйренеді, қазіргі әлемде туындайтын қиындықтарды көріп және оларды тиімді жеңіп шығу жолдарын іздестіру;
- ақпаратпен жақсы жұмыс істейді [6, 7 б.].

Ойын технологиялары оқыту-тәрбиелеу үрдісінде маңызды орын атқарады, себебі тек оқушылардың іс-әрекетін белсендетіп және таным қызығушылықтарын тәрбиелеп қана қоймайды, сондай-ақ басқа да бір қатар қызметтер атқарады: пәнге деген зейіні мен таным қызығушылығын дамытады, ойын оқушылардың ақыл-ой қызметін ынталандырады, оқушыларға сөйлеу қабілеттері мен дағдыларын дамытуға көмектеседі, материал спецификасын ескере отырып дұрыс ұйымдастырылған ойын миды шыңықтырады [7, 15 б.].

Зерттеу мәселесі барысында келесі ой түйіндігі келдік, кез келген педагог мектептің заман талабына сай бейімделуі тиіс, бұл жолда бірден бір құрал мен жол, жанашыл әдістемені қолдану қажеттілігі. Қазіргі кезде оқыту үрдісі де, бағдарламалар да, заман талабы да педагог қызметіне инновацияны талап етеді, себебі баланы жаңа қоғамның талабына сай дамыту керек.

Әдебиеттер

- 1 Инновации в мировой педагогике: обучение на основе исследования / М. В. Кларин. – Рига: Эксперимент, 1995. - 176 с.
- 2 Джадрина М. Ж. Инновационные процессы в школьном образовании Казахстана как основание для повышения его качества // Открытая школа. - № 2 (153). - 2016. - С. 3-5.
- 3 Колесникова Т.А., Колокольникова З.У., Лобанова О.Б. Применение инновационных технологий в образовательном процессе современной школы // Научное обозрение. Педагогические науки. – 2017. – № 6-2. – С. 261-269; URL: <https://science-pedagogy.ru/ru/article/view?id=1722> (дата обращения: 21.02.2020).

4 Кумсков В. В. Педагогические идеи Д. Дьюи и советское образование 1920-х гг. // Ярославский педагогический вестник.- 2011
<https://cyberleninka.ru/article/n/pedagogicheskie-idei-d-dyui-i-sovetskoe-obrazovanie-1920-h-gg>

5 Новые педагогические и информационные технологии в системе образования/ Е.С. Полат, М.Ю. Бухаркина, М.В. Моисеева, А.Е. Петров. — 3-е изд., испр. и доп. — М.: Академия, 2008. — 272 с.

6 Пеньковских Е.А. Метод проектов в отечественной и зарубежной педагогической теории и практике // https://vo.hse.ru/data/2013/10/20/1279364153/VO4_10%20Pen%27kov.pdf

7 Емельянова Т.В., Медяник Г.А. Игровые технологии в образовании. Электронное учебно-методическое пособие. Тольятти: ТГУ, 2015.-88 с. // <https://dspace.tltsu.ru/bitstream/123456789/6227/1/Emelyanova-eui-1-54-14%20-%20Z.pdf>

8 Булин-Соколова, Е. И. Формирование ИКТ-компетентности младших школьников: пособие для учителей общеобразовательных учреждений. Серия «Работаем по новым стандартам» / Е. И. Булин-Соколова, Т. А. Рудченко, А. Л. Семенов, Е. Н. Хохлова. — М.: Просвещение, 2013.

9 Ячменникова Т.С. Здоровьесберегающие технологии в начальной школе // муниципальное образование: инновации и эксперимент.- 2011 // <https://cyberleninka.ru/article/n/zdoroviesberegayuschie-tehnologii-v-nachalnoy-shkole>

СПОСОБЫ ПРИМЕНЕНИЯ К ИННОВАЦИОННЫМ ТЕХНОЛОГИЯМ ПРИ ОБНОВЛЕННОЙ СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация.

В статье раскрыты основные подходы применения инновационных технологий в образовательном процессе начальной школы. Современные процессы реформирования системы образования требуют новых подходов в обучении. Наибольшую актуальность приобретает применение инновационных технологий в образовании в средней школе, направленных на повышение качества обучения и совершенствование методического инструментария педагога. Начальная школа является первой ступенью в процессе формирования ключевых компетенций школьников посредством использования педагогами инновационных технологий и методов. В статье уточнены понятия инновации, инновационные технологии, определены цели и задачи инновационных подходов обучения; раскрыты ключевые моменты инновационных технологий, применяемых в начальной школе: исследовательской проектной технологии, обучения посредством ИКТ средств, здоровье сберегающие технологии, методика внедрения портфолио и других. Применение новых обучающих технологий обусловлено новыми требованиями, предъявляемыми к качеству обучения, системообразующим элементом которого

становятся функциональная грамотность, компетентностный подход в обучении, процессы информатизации, компьютеризации, экологизации.

Ключевые слова: инновации, инновационные технологии, начальная школа, методы, модернизация, обновленное содержание

WAYS OF APPLICATION TO INNOVATIVE TECHNOLOGIES AT THE UPDATED EDUCATION SYSTEM

Annotation

The article reveals the main approaches to the use of innovative technologies in the educational process of primary school. Modern processes of reforming the education system require new approaches to learning. The use of innovative technologies in secondary school education, aimed at improving the quality of education and improving the methodological tools of the teacher, is becoming most relevant. Primary school is the first step in the process of forming key competencies of students through the use of innovative technologies and methods by teachers. The article clarifies the concepts of innovation, innovative technologies, defines the goals and objectives of innovative approaches to learning; reveals the key points of innovative technologies used in primary school: research project technology, learning through ICT tools, health-saving technologies, methods of implementing a portfolio, and others. The use of new training technologies is due to new requirements for the quality of training, which is a system-forming element of functional literacy, competence-based approach to training, processes of Informatization, computerization, and ecologization.

Keywords: innovations, innovative technologies, primary school, methods, modernization, updated content

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ЖӘНЕ МАТЕМАТИКА

ӘОЖ 378.1

10 СЫНЫП ХИМИЯСЫН ҮШ ТІЛДЕ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

*А.Е. Битемирова¹, Н.А. Абдикаюмова², Г.Е. Түймебаева³,
К.З. Керімбаева⁴*

¹Х.ғ.к., Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің доценті.

²«Химия» кафедрасының магистранты

³Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің магистранты.

⁴Т.ғ.к., Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің доценті.

Түйіндеме

Мақалада білім алушыларға ағылшын тілін оқыту тәжірибесінде қолданылатын әдіс-тәсілдер берілген. Оқушыларға шет тілін үйретудің мақсаты әлеуметтік және кәсіби өзін-өзі анықтауға дарынды, өз ұлтының тарихы мен дәстүрлерін білетін, бірнеше тілді игерген, қандай жағдайда да үш тілде коммуникативті және белсенді әрекеттерді жүзеге асыра алатын, өзін-өзі дамытуға және жетілдіруге ұмтылатын көп мәдениетті жеке тұлғаны дамыту екенін айтамы. Мектептегі білім берудің мақсаты сөйлеу, оқу, тыңдау қарым-қатынас құралы ретінде қарастырылуы тиіс. Осындай мақсатқа сәйкес әдіс қажет. Осындай әдістердің бірі – «Химиялық пирамида». Мұнда білім алушылар өздерінің алған білімдерін қолдану арқылы, жаңа ақпаратты жинақтайды.

Тілді объект ретінде емес, білім алуға құрал ретінде пайдалануға болады. Егер оқушы тілді меңгерсе, онда ол өздігінен білімін дамыта алады. Оқушылардың тілдік біліміне көптілділіктің жоғары мәдениетін іздейтін студенттер ерекше назар аударып, оларды ынталандыруы керек. Қазіргі кезде билингвизм мен көптілділік бәсекеге қабілетті қоғам құру үшін нақты және қажетті құбылыс.

Бұл әдістерді қолдану оқушылардың тілдік дайындық деңгейін жоғарылатуға көмектеседі. Келтірілген функционалды-коммуникативті әдістерді қолдану тәжірибеде оң нәтиже көрсетеді.

Кілт сөздер: химияны оқыту әдістемесі, химияны ағылшын тілінде оқыту, молекуланың геометриясы, гибридтену түрі, алгендер, химиялық формула

Қазақстан көп ұлтты мекмлекет, мұнда халықтар мен ұлттар, олардың мәдениеті өзара тығыз байланысты. Қазіргі кезде жеке тұлғаны қалыптастырудың әдістемелік принциптері мен әдістерін дайындау еліміздегі заманауи білім берудің негізгі қажеттіліктерінің бірі болып саналады.

Президент Н.Назарбаевтың айтуынша, «... Қазақстан көп ұлттығы жағынан бірегей және мықты. Оның жерінде ерекше мәдениетті кеңістік қалыптасты ... Қазақстанның мультимәдениеттілігі - қоғам дамуының прогрессивті факторы. Қазақстан халықтарының еуразиялық тамырлары бізге шығыс, азиялық, батыс, еуропалық ағымдарды біріктіруге және құруға мүмкіндік береді. мультикультурализмнің бірегей қазақстандық нұсқасы» [1].

Үштілділік білім беру оқушыға өзінің ұлттық-мәдени, этникалық қажеттіліктерін жүзеге асыру мүмкіндігін береді. Осымен қатар адамның гуманистік жалпыадамзаттық адами қасиеттерінің дамуының үйлесімін қамтамасыз ететін қолайлы орта ұсына алады. Ұстаздың алдына қойылған маңызды міндеттер - өзінің өмір бойғы тәжірибесі, халықтар мен этникалық топтардың мәдени дәстүрлері, жалпыадамзаттық құндылықтар мен әлемдік мәдениеттер туралы білімін функционалды сауаттылығы жоғары тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін қолайлы білім беру және білім беру ортасын қалыптастыруда тиімді пайдалана алу.

Тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаев үш тілде білім берудің жолын белгіледі. Бұл бәсекеге қабілетті, жан- жақты білімге ие қазақстандық мектеп түлектерінің оқуын шетелдік университеттерде оңай жалғастырына кең жол ашты.

Көптілді білім берудің маңыздылығы экономикалық, мәдени және саяси салалардағы интеграцияның әлемдік беталысымен анықталады. Біз үштілді оқытуды бірнеше тілдер арқылы жаһандық мәдениетті танудың мақсатты үдерісі ретінде танимыз, бұл ретте таңдалған тілдер арнайы білім саласын түсінудің және түрлі халықтардың мәдени, тарихи және әлеуметтік тәжірибелерін қабылдаудың тәсілі ретінде қызмет атқарады.

2015 жылға дейінгі Даму тұжырымдамасында Қазақстан Республикасының білім беру жүйелері:

«Ана тіл - мемлекеттік, орыс және шет тілдерін білу адамның дүниетанымын кеңейтеді, оның жан-жақты дамуына ықпал етеді, толеранттылыққа көзқарастың қалыптасуына және әлемнің кең көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді»

Бұл ретте әлемнің алдыңғы қатардағы мемлекеттерімен үйлесімді бола алады, ол өз халқына сапалы әрі заманауи білім алуға ыңғайлы жағдай жасай алады.

Сондықтан да тілдік білім беру мәселесі өзекті мәселелердің қатарына қосылды. Негізгі идея кез-келген тілді зерттеу сол тілде сөйлейтіндердің мәдениетін зерделеумен қатар жүруі қажет және бұл үдеріс жеке ұшақтарда емес, жүйелі түрде жалғасуы керек. Осыған орай, үштілді білім беру туралы айту заңды болар еді, оның нәтижесі азаматтардың көптілділігі болуы керек.

Оқушыларға ағылшын тілін үйретудің негізгі мақсаты әлеуметтік және кәсіби өзін-өзі анықтауға қабілетті, өз халқының тарихы мен дәстүрлерін білетін, бірнеше тілді меңгерген, барлық жағдайларда үш тілде коммуникативті және белсенді әрекеттерді жүзеге асыра алатын, өзін-өзі дамытуға және жетілдіруге ұмтылатын көп мәдениетті жеке тұлғаны дамыту болып табылады [5].

Ағылшын тілі – АҚШ, Канада, Англия, Австралия, Жаңа Зеландия және басқалары кіретін әлемнің 12 елінде тұратын 400 миллионнан астам адамның ана тілі, Үндістан сияқты ғаламның 30-дан астам елінде қолданылатын тіл. Сингапур, Филиппин, Малайзия, Бирма және басқалары, ол ұлттық тілдермен қатар ұлттық деңгейде кеңінен қолданылады. «Ағылшын тілі орта және жоғары мектептерде, сонымен бірге үлкендерге арналған білім беру жүйесінің әртүрлі курстарында оқытылатын шет тілдерінің арасында әлемде бірінші орын алады. Мысалы, Қазақстанда орта және жоғары білім алатын студенттердің шамамен 70% ағылшын тілін оқиды. Ағылшын тілін білу көптеген дамыған елдердің ғылыми және техникалық зиялы қауымы үшін қалыпты жағдайға айналуға бұл шетелдік туристердің барлық континенттердегі қызметкерлермен байланысуының негізгі құралы. Қазіргі уақытта шамамен 1 миллиард адам, яғни планетамыздың халқының 1/5 бөлігі ағылшын тілінде белгілі бір дәрежеде сөйлейді деп есептеледі» [3].

Балалармен жұмыс жасау барысында мұғалім ретінде мен көптілді меңгерген тұлғаны жаңа форматта қалыптастыру міндетін қойдым, өйткені бұл бәсекеге қабілетті қоғам құруға негіз болады.

«Тілдердің үштұғырлығы» атты ұлттық мәдени жобасы барлық деңгейлердегі халықаралық байланыстар мен ынтымақтастықты дамытуға, Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа кірігу саясатына ықпал етеді. Қазақ, ағылшын және орыс тілдерін білу жастарға әлемдік нарықтардың, ғылым мен жаңа технологиялардың кілті болады. Қазір біз білім берудің жаңа моделін енгізу жолында алғашқы қадамдарды жасаймыз. Іске асырылған көптілді білім

беру бағдарламасы бірегей және үш тілде қатарлас және қатар оқытуды қарастыратындығын атап өткен жөн.

«Тілдердің үштұғырлығы» атты стратегиясындағы тұғырнаманың мәні мынадай: қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде, ал орыс тілін ресми тілі ретінде және ағылшын тілін жаһан елдерімен экономикаға сәтті интеграциялау тілі ретінде оқыту. Сапалы білім берудің мемлекеттік маңызды мәселесін талқылай отырып, дамушы қоғамға үш тілде сөйлейтін адамдар қажет екенін білеміз. Мектептің бітіруші моделі осы бейнеге бағдарлануы керек. Демек, үйлесімді дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға белгілі бір жағдайлар жасалған кезде ғана көмектесуге болады.

Көптілділік заманауи көп мәдениетті дүниенің рухани өміріндегі маңызды факторлардың қатарына қосылды. Алда тұрған мақсат және күтілетін нәтиже өте жоғары және асыл: оларды жүзеге асыру тілдер мен мәдениеттердің байланысын орнатады. Үш тілділікті қолжетімді және орынды қолдану түрлі жағдайларда кез-келген ортаға коммуникативті бейімделуге жол ашады. Түлектерде қоғамда әлеуметтік және кәсіптік тұрғыдан жоғары орында болуға мүмкіндік туады.


Мен өз мақаламда оқушыларға ағылшын тілін оқыту тәжірибесімен бөліскім келеді. Мектептегі оқытудың мақсаты сөйлеу, оқу, тыңдау қарым-қатынас құралы ретінде қарастырылуы керек. Мұндай мақсатқа сәйкес әдіс қажет.

№ 1

Химиялық пирамиданың шыңына шығу жолы – бірнегізді қаныққан карбон қышқылдары және оларға сәйкес молекулалық формулалар.

Путь к вершине химической пирамиды - это одноосновные насыщенные карбоновые кислоты и соответствующие им молекулярные формулы.

The way to the top of the chemical pyramid is the single saturated carbon acids and their corresponding molecular formulas.



№ 2

«Крестиктер-ноликтер» ойыны. Барлығы алкендерден тұратын тік, көлденең немесе қиғаш жолақты табындар.

Игра «Крестики-нолики». Найдите вертикальную, горизонтальную или наклонную полосу, состоящую из алкенов.

«Cricket-Scouts» game. Find a vertical, horizontal, or sloping strip of alkenes.

| | | | |
|-------------|----------|--------------|-----------------|
| C_2H_6 | C_2H_4 | C_2H_5COOH | C_7H_{14} |
| C_5H_{12} | C_2H_2 | C_6H_{12} | $C_2H_5OCH_3$ |
| C_2H_5OH | C_3H_4 | C_4H_{10} | C_4H_8 |
| C_6H_6 | CH_4 | $HCOOH$ | $C_2H_5COOCH_3$ |

Жоғарыда көрсетілген әдісті қолдану барысында мен оқушылардың тілдік дайындық деңгейін жоғарылатуға оң әсер етті. Мен осы әдісті сабақта пайдалану тәжірибесімен басқа да әріптестеріммен бөлістім. Аталған әдісті әріптестерім де өз сабақтарында пайдалану барысында жақсы нәтижеге жеткендіктерін көрдік.

№3. Берілген мәліметтерді пайдалана отырып, кестені толтырыңыз. Заполните таблицу, используя предоставленную информацию. Fill in the table using the information provided.

| № | substance name | chemical formula | physical state | molecule geometry | type of hybridization |
|---|----------------|------------------|----------------|-------------------|-----------------------|
| 1 | butane | | | | |
| 2 | | | gas | | sp |
| 3 | | | | planar structure | sp ² |

Осылайша, тілді объект ретінде емес, білім алуға құрал ретінде пайдалануға болады. Егер оқушы тілді білетін болса, онда ол өздігінен білім ала алады, ал журналға белгі қою үшін емес. Балалардың тілдік біліміне көптілділіктің жоғары мәдениетін іздейтін студенттер ерекше назар аударып,

оларды ынталандыруы керек. Біздің заманымызда билингвизм мен көптілділік бәсекеге қабілетті қоғам құру үшін нақты және қажетті құбылыс.

Әдебиеттер

1. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы.
2. ҚР «Білім туралы» Заңы
- 3.«Образование в многоязычном мире». Установочный документ ЮНЕСКО.
- 4.Формирование и развитие языковой личности в условиях реформирования системы образования РК № 5 (2007 стр. 23-24)
5. Жетписбаева Б. А. Полиязычное образование: теория и методология.- Алматы: Білім, 2000- 343с

МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ ХИМИИ НА ТРЕХ ЯЗЫКАХ НА 10 КЛАССЕ

Аннотация

В этой статье описываются методы, используемые студентами при обучении английскому языку. Целью обучения студентов иностранному языку является развитие мультикультурной личности, которая одарена социальным и профессиональным самоопределением, которая знает историю и традиции своей нации, знает несколько языков, может общаться и взаимодействовать на любом языке на трех языках и стремится к саморазвитию и совершенствованию. Я бы сказал. Целью школьного образования должно быть использование речи, чтения и аудирования как средства общения. Нам нужен метод, который подходит для этой цели. Одним из таких методов является химическая пирамида. Здесь студенты собирают новую информацию, используя полученные знания.

Язык можно использовать как инструмент для обучения, а не как объект. Если ученик свободно владеет языком, он или она сможет развивать свои собственные знания. Студенты, ищущие высокую языковую культуру многоязычия, должны поощряться и поощряться языковым образованием студентов. Сегодня двуязычие и многоязычие являются реальным и необходимым явлением для конкурентного общества.

Применение этих методов может помочь улучшить знание языка студентами. Использование вышеупомянутых методов коммуникации и коммуникации показало положительные результаты на практике.

Ключевые слова: методика преподавания химии, преподавание химии английского языка, молекулярная геометрия, типы гибридизации, алрены, химическая формула.

**METODOV OBJECTS CHEMISTRY IN THE TREK YAZYKAKH IN
CLASS 10**

Annotation

This method is described in a method used by students at English language training. Celyu Teaching students inostrannomw yazıkw GX Development multicultural liçnosti, kotoraya odarena the Social and professionalnum samoopredeleniem, kotoraya znaet history and traditions sending nacii, znaet more yazıkov, mojet obşçatsya and vzaimodeystvovat on any language on trex yazıkax and stremiıtsya samorazviiıyu and soverşenstvovaniıyu. That's right. This is a simple image that can only be used for audio, audio, or audio purposes. I do not need the method, it is easy for me to do it. One way or another, the methods are based on the chemical pyramid. This student will receive new information, using the acquired knowledge.

The language may also be used as an instrument for training, or as an object. If you want to get a good job, you need to do it right away. Student, possessing a high culture of multinational culture, a good student and a friendly culture of students. Secondary duality and multiplicity of realities and unbelievable realities for the competitive object.

Applying these methods can help you to get the most out of your students. The use of these methods of communication and communication showed the practical results of the practice.

Key words: *chemistry teaching methodology, English chemistry chemistry teaching, molecular geometry, types of hybridization, alrenes, chemical formula.*

ӘӨЖ 37.022:541.49

МЕКТЕПТЕ КОМПЛЕКСТІ ҚОСЫЛЫСТАР ТАҚЫРЫБЫНА ЕСЕПТЕР ШЫҒАРУ ТӘСІЛДЕРІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

К.А. Құрманбекова¹, К.З. Керімбаева², А.Е. Битемирова³

¹Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің магистранты.

²Т.ғ.к., Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің доценті.

³Х.ғ.к., Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің доценті.

Түйіндеме

Мақалада мектеп курсындағы «комплекті қосылыстар» тақырыбына есептер қарастырылған. Сонымен қатар бұл тақырыптағы есептердің ерекшеліктері мен шығару әдістері бойынша зерттеудің нәтижелері ұсынылған. Мектепте есептер шығару әдісін жеңілдету түрі қарастырылған. Химиялық қосылыстарды қандай әдістер арқылы қосуға болатыны берілген. Есепті шешудің синтетикалық, аналитикалық әдістерін жеке-жеке қарастырған. Мақалада бірнеше есептер беріліп, шешу жолдарын шешімімен көрсеткен.

Кілт сөздер: *комплекті қосылыстар, есеп, синтетикалық әдіс, аналитикалық әдіс, комплекті ион.*

Мектеп курсындағы химия пәні бойынша есептер көптеген функцияларды орындайды: олар оқушылардың дұрыс ойлау қабілетін, дербестігін дамытады, пәнаралық байланысты жүзеге асыруға мүмкіндік береді, сабақта алған ақпаратты бекітуге ықпал етеді, демек, мұғалімге оқушылардың білімін тексеріп қана қоймай, олардың ойлау стилі мен шығармашылық қабілеттерін бағалауға мүмкіндік береді.

Теориялар мен заңдарды қалыптастыру, ережелерді, формулаларды есте сақтау, химиялық теңдеулерді құру іс-әрекеті оқушылардың тікелей қатысуымен орындалатындықтан есептерді шешу оқу материалын тиянақты игерудегі басты буындардың бірі болып табылады.

Есептерді шешу барысында оқушылардың ми қыртысында күрделі ойлау қызметі жүріп жатады, ол ойлаудың (білімнің) мазмұндық жағынан да, әрекеттік жағынан да (операциялар, әрекеттер) дамуын қамтамасыз етеді [1].

Есептің шарты не болып табылатындығына және не анықтау талап етілуіне байланысты есептер тура және кері ажыратылады, олардың әрқайсысы күрделілік дәрежесі әртүрлі болуы және қарапайым, күрделі немесе аралас болуы мүмкін. Күрделі және қиын есептерді жіктеу белгілі.

Химия курсының әр түрлі тақырыптары бойынша оқушыдан теориялық білімді қолдануды талап ететін есептер күрделі деп аталады. Жиі бұл есептер күрделілігі болғандықтан жалпыланады. Тапсырманың күрделілігі – объективті ұғым, оларды шешу кезінде қолданылатын білім мен біліктерінің ойлау операцияларының белгілі бір тізбесін білдіреді [2].

Мұндай міндеттердің бірі «комплексті қосылыстар» тақырыбындағы міндеттер болып табылады. Мектеп бағдарламасында осы тақырып бойынша тапсырмаларды сирек кездестіресің, себебі олар өз құрылымы бойынша қиын және қиынды. Бірақ, ойлаудың ұтымды тәсілдерін қалыптастыратын, білімнің формализмін жоятын, өзін-өзі бақылау дағдыларын, дербестікті дамытатын комплексті қосылыстар бойынша есептерді шешудің дамытушы функциясы.

Міндеттердің білім беру рөлі, комплексті қосылыстар бойынша есеп беру тапсырмалары оқушылардың алдында химияның сандық жағын нақты ғылым ретінде ашып көрсетеді. Есептер арқылы теорияның практикамен байланысы жүзеге асырылады және оларды шешу барысында оқушылар санасында заттар мен процестер туралы химиялық түсініктер бекітіледі, жетілдіріледі. Есептерді шешу кезінде проблемалық оқытуды ұйымдастыру жеңілдей түседі.

Есептерді шешу барысында оқушылардың миында күрделі ойлау қызметі жүріп жатады және ол білімнің мазмұндық жағынан да, нақты операциялар жағынан да дамуын жүзеге асырады. Білім мен іс-әрекеттердің тығыз өзара іс-қимылы ойлаудың әртүрлі тәсілдерін қалыптастырудың негізі болып табылады: пайымдаулар, ой түйю және дәлелдер. Өз кезегінде, тапсырмаларды шешу кезінде пайдаланылатын білімді екі түрге бөлуге болады: оқушы мәтінді талдау кезінде алатын білімі мен іздену – ойлану қабілеттерді пайдалану арқылы есепті шешу үшін қажетті білім [3].

Комплексті қосылыстар бойынша жаттығулар әдетте сұрақтар мен тапсырмалардан құралады және аралас болуы мүмкін. Жаттығулардың негізгі мақсаты-білімді және дағдыны меңгеру, оларды жетілдіру мақсатында қайталану қызметін ұйымдастыру.

Есепті шешу жоспарын шешілетін есептердің түрлерін білумен тығыз байланысты болатын өте жауапты кез. Есептің түрі белгілі болса, оны шешу тәсілін оңай анықтауға болады, сондықтан есептің жаңа түрлерін енгізген кезде, оның бұрын шешілген есептерден айырмашылығына талдауды жүргізу қажет етеді.

Есепті шешу жоспарын құрастыру кезін күрделі есеп бір-бірімен ортақ мазмұнмен байланысты бірнеше қарапайым есептерге бөлінеді. Есепті шешу жоспарын құрастыру барысында, екі негізгі әдіс қолданылады:

- а) синтетикалық;
- б) аналитикалық.

Осы әдістердің әрқайсысының мәнін нақты есепті шешу жоспарын құру мысалында қарастырайық [4].

Есеп. $Mg[CuI_4]$ қосылысында комплексті ион заряды мен комплекстүзушінің тотығу дәрежесі неге тең екенін анықтаңыз.

Шешімі. $Mg[CuI_4]$ қосылысының сыртқы сферасында Mg^{2+} қосзарядты катион орналасқан. Сыртқы сфера иондарының және комплексті ионның жиынтық заряды нөлге тең болуы тиіс. Сондықтан комплексті ион заряды -2 : $[CuI_4]^{2-}$. Осы қосылыста мыс ионы комплекстүзуші, ал лигандалар – I^- зарядты иондар - иодид болып табылады. x комплекстүзушінің тотығу дәрежесі мен барлық лигандалардың жиынтық зарядының қосындысы комплексті ион зарядына тең болуы тиіс:

$$x + 4 \cdot (-1) = -2,$$

бұдан $x=2$, яғни комплекстүзушінің тотығу дәрежесі $+2$ (ион Cu^{2+}) тең.

Жауап: $-2, +2$.

Синтетикалық әдіс. Осы әдіс бойынша келесі әрекеттер ретін ұсынуға болады: 1. Mg^{2+} катионының заряды белгілі болғандықтан, $[CuI_4]$ комплексті ионының зарядын табу керек. 2. Осы қосылыста мыс ионы комплекстүзуші, ал лигандалар – I^- зарядты иондар - иодид болғандықтан, x комплекстүзушінің тотығу дәрежесі мен барлық лигандалардың жиынтық зарядының қосындысы комплексті ион зарядына тең болуы тиіс.

Аналитикалық әдіс. Тапсырма сұрағынан шығады. Қосылыстардағы комплекс түзушінің тотығу дәрежесін білу үшін катион зарядын, комплексті ион зарядын білу қажет. Ал комплекстүзушінің тотығу дәрежесін есептеу үшін қарапайым теңдеу құрамыз: $x + 4 \cdot (-1) = -2$, мұнда x – комплекс түзушінің тотығу дәрежесі.

Есепті шешу жоспарын синтетикалық әдіс бойынша құрастырудың өз кемшіліктері бар. Негізгі кемшілік - бұл тапсырманы шешу кезіндегі алғашқы кадамда (қарапайым есеп үшін деректер таңдау) арқылы ізделетін нәтиже көбіне бірден табылмайды. Көптеген оқушылар қарапайым есептер үшін деректерді салыстыру және таңдау дағдысы болмағандықтан екі түрлі қателерді жібереді: а) деректерді салыстыруда және таңдауда; ә) шешім жоспарын құруда [5].

Есепті шешудің жоспарын аналитикалық әдіспен жасаған кезде пайымдау қарама — қарсы бағытта - іздестірілетін саннан есеп шартындағы деректерге қарай құрылады. Синтетикалық әдіспен салыстырғанда, есепті шешу жоспарын аналитикалық әдіспен құрастырудың айырмашылығы өзара байланысты және бірінен-бірі туындайтын бірқатар тұжырымдар қатарын білдіреді, сондықтан оны пайдалану кезінде оқушылар логикалық сипаттағы қателіктерді аз жібереді.

Логикалық қателерді болдырмау үшін оқушылардан тапсырмалар мен оның шешу шарттарын түсіндіруді, түсіндірме жазбаларымен қоса жазуды талап ету қажет. Бұған сондай-ақ тапсырманы ауызша қайталау және орындалған жазбалар бойынша есеп шешуді қайталау, күрделі есептерді үлгіні пайдалана отырып шешу, оқушылардың есеп нұсқаларын құрастырып жаттыққандары ықпал етеді [6].

Есептерді шешу химиялық білім беруде маңызды орын алады, өйткені химия бойынша оқу материалын терең және толық меңгеруді қамтамасыз ететін және алған білімді өз бетінше қолдану дағдысын қалыптастыратын оқытудың бір тәсілі болып табылады.

Есептерді шешу барысында заттар мен процестер туралы химиялық ұғымдарды нақтылау және бекіту жүргізіледі, алдында алған білімді пайдалануда тапқырлық пайда болады. Оқушыларды өткенді қайталауға, оны тереңдетуге және ұғынуға итермелей отырып, химиялық есептер шешу нақты түсініктер жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді, бұл келесі материалды ұғыну үшін қажет. Белгілі бір химиялық жағдайларды қамтитын есептер оқушылардың оқу материалымен өз бетінше жұмыс істеуіне ынталандырады. Сондықтан материалды меңгеруді бағалау шкаласы ретінде оқулықтағы материалды қайта айтып беру ғана емес, әр түрлі есептерді шешу кезінде алған білімдерін қолдана алу керек деген пікірді жалпы көпшілік қолдайтыны анық.

Осылайша, есептерді шешу-химияны оқыту процесінің маңызды компоненті. Ең жақсы нәтижелерге әр түрлі есептерді жүйелі түрде шешу кезінде қол жеткізуге болады. Сондықтан есептер жүйесін әзірлеу оқыту процесінің маңызды бөлігі болып табылады, өйткені есептер жүйесі қысқа мерзімде және жақсы нәтижелерге жетуді аз шығынмен қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер

1. Лагуткина Е.В. Методика решения задач по химии. Учебно-методическое пособие. — Барнаул : Изд-во АлтГУ, 2014. — 44 с.

2. Ахметов М.А. Қиындығы жоғары химиялық есептерді шешу. Мектеп химиясы. 2005. №4. 56–58б.
3. Беспалов П.И. и др. Практикум по методике обучения химии в средней школе. М.: Дрофа, 2007. 222 с.
4. Ашуйко В.А. Курс лекций по химии комплексных соединений. - Минск: БГТУ, 2011. - 130 с.
5. Сафронова Е., Решетников С. Номенклатура комплексных соединений. - Методическая разработка по курсу «Современные проблемы химии». – Ижевск: «УдГУ», 2011. – 26 с.
6. Березин Б.Д., Ломова Т.Н. Реакции диссоциации комплексных соединений. - Институт химии растворов РАН. - М.: Наука, 2007. - 278 с.

ОСОБЕННОСТИ И СПОСОБЫ РЕШЕНИЯ ЗАДАЧ НА ТЕМУ КОМПЛЕКСНЫЕ СОЕДИНЕНИЯ В ШКОЛЕ

Аннотация

В статье рассматриваются задачи школьного курса на тему «комплексные соединения». Также представлены результаты исследования по особенностям и методам решения задач данной темы. Рассматривана упрощенную форму решения проблем в школе. Есть несколько способов добавления химических соединений. Синтетические, аналитические методы решения проблемы рассматриваются отдельно. В статье представлено несколько проблем и показано, как их решить.

Ключевые слова: комплексные соединения, расчет, синтетический метод, аналитический метод, комплексный ион.

FEATURES AND METHODS FOR SOLVING PROBLEMS ON THE TOPIC COMPLEX COMPOUNDS AT SCHOOL

Annotation

The article deals with the problems of the school course on "complex connections". The results of the research on the features and methods of solving problems of this topic are also presented. A simplified form of problem solving at school is considered. There are several ways to add chemical compounds. Synthetic, analytical methods for solving the problem are considered separately. The article presents several problems and shows how to solve them.

Keywords: complex compounds, calculation, synthetic method, analytical method, complex ion.

ӘОЖ 575.11.22

ТҰҚЫМ ҚУАЛАУШЫЛЫҚТЫҢ ХРОМОСОМАЛЫҚ ТЕОРИЯСЫН ЕСЕПТЕР ШЫҒАРУ АРҚЫЛЫ ТҮСІНДІРУ

Г.Т. Бектемір¹, Ж.Е. Медетова², Г.А. Абдукадирова³

¹² «Сырдария» университетінің БМ011300-«Биология» білім беру бағдарламасының 2
курс магистранттары

³ «Сырдария» университетінің «Жаратылыстану ғылымдары» кафедрасының ғылым
магистрі, аға оқытушысы


Түйіндеме

Тұқым қуалаушылықтың хромосомалық теориясы – ХХ ғасырдың басындағы ғылымдағы ең үлкен жаңалық болды. Тұқым қуалаушылықтың хромосомалық теориясы жынысты анықтаудың генетикалық механизмін шешуге мүмкіндік туғызды. Ғасырлар бойы адам баласында ұл не қыз баланың тууы неге байланысты екендігі мәлім болды. Гендердің сомалық жасушалармен бірге жыныс хромосомаларда болатындығын дәлелденгеннен бері бірқатар тұқым қуалайтын аурулар белгілі болды және оларды болдырмау амалдары табылды. Т.Морган заманынан қазіргі күнге дейінгі теорияның дамуы - генетиканың жаңа бағытқа-цитогенетикаға бастау алады. Жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысындағы және жиырма бірінші ғасырдың басындағы цитогенетиканың ерекшеліктері жаңа бағыттың – интерфазалық цитогенетиканың пайда болуымен байланысты, ол генетикалық белсенділік процесінде цитогенетикалық жүйенің ұйымдастырылуын зерттеуге және хромосомдық ұйымдастыруда маңызды сипаттаманы зерделеуге және жүйелік ауруларға әкеп соқтыратын құрылымды-кеңістіктік реттеушіліктің бұзылуын анықтауға мүмкіндік берді. Бұл мақалада жыныспен берілетін белгі-қасиеттердің қалай көрінетіні және тұқым қуалаушылықтың хромосомалық теориясына арналған есептерді шығару жолдары келтірілген. Жыныс хромосомаларында кездесетін гендердің қай ұрпағында көрінетіндігі баяндалған. Сонымен қатар ата-тегінен берілетін жыныспен тіркесіп тұқым қуалайтын аурулардың алдын алу жолдары қарастырылған.

Кілттік сөздер: хромосома, ген, жыныспен тіркесіп тұқым қуалау, заңдылық, есеп шығару, ер мен әйел.

Т.Морган, К.Бриджес, А.Стертевант және Г.Меллер ашқан тұқым қуалаушылықтың хромосомалық теориясына 100 жылдан астам уақыт өтсе де

өзінің зерттеу нәтижелерінің мәні мен маңызы өзгерген жоқ. Олардың тұқым қуалаушылық материалының жыныс хромосомаларында да болатындығы туралы дәлелдемелері осы күнге дейін білім беру мекемелерінде оқытылып келеді. Т. Морган және оның шәкірттері дрозофила шыбынына тәжірибелер жүргізіп, жыныспен берілетін белгі-қасиеттерді анықтады (Сурет 1).



Сурет 1. Жыныстық хромосоманың анықталуы


Т. Морганның тұқым қуалаушылықтың хромосомалық теориясын оқытуға арналған есептерді шығару арқылы осы заңдылықтың жүру жолын түсінуге мүмкіндік береді [1].

Сабақты мынадай проблемалық сұрақтар қойып бастауға болады?

- Болашақ дүниеге келетін нәрестенің жынысын алдын ала болжауға немесе анықтауға бола ма?
- Жас нәрестенің қыз не ұл бала болып туылуы неге байланысты?
- Неге бір отбасында дүниеге келген балалардың бірінің дені сау, ал бірі тұқым қуалайтын ауруға шалдығады т.б.

Осындай сұрақтарға жауап іздеу арқылы білім алушы ізденеді, оқиды және берілетін гендерді есептеу жолдарын үйренеді.

Генетикалық тұрғыдан алғанда адамда 46 хромосома: 44 аутосома және 2 жыныс хромосома бар. Жыныстардың арақатынасы 1:1, яғни 100 аталыққа 100 аналық сәйкес келгендіктен, олардың жартысы гомозиготалы, жартысы гетерозиготалы болады. Яғни ерлерде ХУ, ал әйелдерде ХХ болып келеді (Сурет 2).



Сурет 2. Ер және әйел адамның хромосомалар жиынтығы

Жыныспен тіркесіп тұқым қуалайтын аурулар гендер рекомбинациясы кезінде дұрыс айкаспай қалуынан да болады. Ер мен әйелде кездесетін аурулардың келесі ұрпаққа берілуін есептер шығару арқылы көрсетуге болады [2]:

Есеп. Гипертрихоз - У хромосомамен тіркес тұқым қуалайтын белгі. Әкесінде гипертрихоздың белгісі бар отбасында мұндай ауруы жоқ балалардың дүниеге келуі мүмкін бе?


Берілгені:

Белгі – гипертрихоз

Ген – У

Шешуі:

Есептің берілуінде әкесінде гипертрихоздың белгісі бар, яғни оның генотипі ХУ. Шешесінде гипертрихоз жоқ (болуы да мүмкін емес), өйткені У хромосомада болмайды.



F₁ XX Xy^Z

Бұл отбасында туған ер балалардың бәрі гипертрихозбен ауру болады, себебі олар әкесінен У хромосоманы қабылдайды, ал қыз балалар 100% сау.

Есеп. Полидактилия аутосомалық – доминантты белгі, ал гипертрихоз У хромосомамен тіркес тұқым қуалайды. Әкесі бес саусақты және гипертрихозды, ал шешесі полидактилиямен ауру, отбасында осы аталған екі аурудың да белгісі жоқ қыз дүниеге келген, келесі туылатын балалардың фенотиптері жөнінде не айтуға болады?

Берілгені:

| Белгі | Ген |
|-----------------|----------------|
| Полидактилия | А |
| Бес саусақтылық | а |
| Гипертрихоз | y ^Z |

Шешуі:

Есептің берілуінде әкесі бес саусақты және онда гипертрихоздың белгісі бар. Ендеше оның генотипі – ааху^z. Шешесі полидактилиямен ауырады, бірақ онда У хромосома болмағандықтан, гипертрихоздың белгісі жоқ, оның генотипі Аахх; полидактилия бойынша шешесін неге гетерозиготалы деп алады, себебі ол отбасында екі аурудың да белгісі жоқ қыз дүниеге келген.

P ♀ Аахх х ♂ ааху^z

| ♀ \ ♂ | ах | ау ^z |
|-------|------|-------------------|
| Ах | Аахх | Ааху ^z |
| ах | аахх | ааху ^z |

Балалардың ¼-і немесе 25% ғана екі аурудан да сау тууы мүмкін (аахх).

Есеп. Адамда тер бездерінің болмауы Х хромосомамен тіркес тұқым қуалайтын рецессивті белгі. Әкесінің тер бездері жоқ, ал шешесінің және оның бүкіл ата-тегінің дендері сау отбасында туылған қыз мұндай кемістігі жоқ жігітке тұрмысқа шыққан. Бұл некеден дүниеге келетін ұлдар жөнінде не айтуға болады?


Берілгені:

Белгі – тер бездерінің болмауы


Ген – X^Z

Шешуі:

Есептің берілуінде әкесінде тер бездерінің болмауы белгісі бар. Оның генотипі – X^ZY . Шешесі сау, сондықтан оның гені – XX .



Туылған қызында тер бездері жоқ. Осы қыз енді сау жігітке тұрмысқа шықса олардың некесінен дүниеге келетін ұл-қыздардың генін қарастырып көрейік.



Балалардың 1/2-і немесе 50% ғана сау тууы мүмкін.

Есеп. Әкесі дальтоник отбасында ұлының дальтоник болуы мүмкін бе?

Осыдан тасымалдаушы қыз дені сау ер адамға тұрмысқа шықса, отбасында F_2 –ші ұрпақта дені сау бала туу ықтималдылығы қандай?


Берілгені:

Белгі – дальтоник


Ген – Y^Z

Шешуі:

Есептің берілуінде әкесі дальтоник. Оның генотипі – X^ZY . Шешесі сау, сондықтан оның гені – XX .



F₁-де тасымалдаушы қыз бен дені сау ер бала дүниеге келді.
тасымалдаушы қыз дені сау ер адамға тұрмысқа шығады [3].



F₂ –ші ұрпақта дені сау бала туу ықтималдылығы 50%.

Сабақты бекіту мақсатында “Тектілік” ұғымын қалай түсінесің? деген сұрақ қою арқылы мынадай жауаптармен аяқтауға болады:

- 1.Адам бойындағы асыл қасиеттердің , парасаттылықтың үлгісі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа берілуі
2. Тектілік құбылысы жақсы адамның кездейсоқ қалыптаспайтынын, ата-бабалардан берілетін дүниетанымдық бейімділіктері болуға тиістілігін көрсетеді.
- 3.Тектілік гендік түрде берілетін биологиялық қасиет т.б.

Қорыта айтқанда, тұқым қуалаушылық ауруларын алдын алу үшін, жат әдеттерден (алкоголь, есірткі т.б.) сақтанып, жақын туыспен некелік байланыс орнатпай, орта жасқа жетпей отбасын құру қажет.

Әдебиеттер

- 1.Берсімбай Р.І. Генетика. Оқулық. – Алматы: «Қазақ университеті», 2016ж.
2. Баранов В. С., Баранова Е. В. Генетические аспекты старения // Успехи геронтологии - 2007. – Т.20, №2. – С.26-34.
- 3.Наследственные болезни: рук. / гл. ред. Н. П. Бочков, Е. К. Гинтер, В. П. Пузырев ; АСМОК. - Москва : ГЭОТАР-Медиа, 2013. - 936 с.

РАЗЪЯСНЕНИЯ ХРОМОСОМНОЙ ТЕОРИИ НАСЛЕДСТВЕННОСТИ ПУТЕМ РЕШЕНИЯ ЗАДАЧ

Аннотация

Хромосомная теория наследственности – величайшее достижение в науке в начале двадцатого века. Хромосомная теория наследственности позволила разгадать генетический механизм определения пола. На протяжении веков стало

известно, от чего зависит рождение мальчика или девочки. С тех пор, как доказано, что гены вместе с соматическими клетками находятся в половых хромосомах, были обнаружены ряд наследственных заболеваний и обнаружены способы их предотвращения. Развитие теории от времен Т.Моргана до настоящих дней, положившей начало новому направлению в генетике – цитогенетике. Особенности цитогенетики второй половины двадцатого и начала двадцать первого веков связаны с появлением нового направления – интерфазной цитогенетики, которая позволила изучить организацию цитогенетической системы в процессе генетической активности и обнаружить важнейшую характеристику в организации хромосом – структурно-пространственную упорядоченность, нарушение которой приводит к системным заболеваниям. В данной статье приводятся способы решения задач для хромосомной теории наследственности. Описано, в каком поколении проявляются гены, встречающиеся в половых хромосомах. Кроме того, предусматривается профилактика наследственных заболеваний, сопровождающихся полом, передаваемыми от родителя.

Ключевые слова: хромосома, ген, наследование в сочетании с полом, законность, решение задач, мужчина и женщина.

EXPLANATION OF THE CHROMOSOMAL THEORY OF HEREDITY BY SOLVING PROBLEMS

Annotation

The chromosomal theory of heredity was the greatest achievement in science at the beginning of the twentieth century. The chromosomal theory of heredity allowed us to unravel the genetic mechanism of sex determination. Over the centuries, it has become known what determines the birth of a boy or girl. Since it was proved that genes together with somatic cells are located in the sex chromosomes, a number of hereditary diseases have been discovered and ways to prevent them have been discovered. The development of the theory from the time of T. Morgan to the present day, which marked the beginning of a new direction in genetics-cytogenetics. Features of cytogenetics of the second half of the twentieth and early twenty-first centuries are associated with the emergence of a new direction – interphase cytogenetics, which allowed us to study the organization of the cytogenetic system in the process of genetic activity and find the most important characteristic in the organization of chromosomes – structural and spatial ordering, violation of which leads to systemic diseases. This article provides methods for solving problems for the chromosomal theory of heredity. It is described in which generation the genes found in the sex

chromosomes are manifested. In addition, it provides for the prevention of hereditary diseases accompanied by gender transmitted from the parent.

Keywords: *chromosome, gene, inheritance combined with gender, legitimacy, problem solving, man and woman.*

**ТАРИХ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ПӘНДЕР. ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ
ЭКОНОМИКА**

УДК:94(479.24)

**OCCUPATION OF THE DERBENT KHANATE BY TSARIST RUSSIA IN
TURKISH HISTORIOGRAPHY.**

UMUDLU VIDADI UMUD

Доцент, Институт истории национальной Академии наук Азербайджана

Annotation

The main issue presented in the article is the coverage of the occupation of the Derbent Khanate by tsarist Russia in Turkish historiography. It is known that the Derbent Khanate occupies a special place among the northern khanates of Azerbaijan, due to its geographical location and strategic importance. Over the years of its existence, the Khanate played the role of a bridge between north and south, between Asia and Europe, forming the northern border of Azerbaijan. The history of the Derbent Khanate at the beginning of the 19th century also attracted the attention of fraternal Turkish historians and mentioned this Khanate in their affairs.

Many research works on the occupation of the Derbent Khanate in Turkish historiography were analyzed and brought to the attention of the scientific community. Note that the results of studies of Turkish historians J. Gökçe, M.S. Bilge, A. Temizkan, M. Saray and other historians on this subject differ in their objectivity.

The source of the object of study is also very rich. The article also used archival documents and books compiled on the basis of archival documents.

Keywords: *Northern Azerbaijan, Derbent Khanate, Tsarist Russia, Occupation, Turkish historians*

The ancient Azerbaijani land of Derbent has a long centuries-old history. Located on the coast of the Caspian Sea and having an important strategic position, Derbent, since ancient times, formed the northern border of Azerbaijan and played the role of a kind of bridge between Azerbaijan and Russia, including Dagestan and the North Caucasus. After the death of Nadir Shah Afshar, like other khanates of Azerbaijan, Derbent also became an independent khanate. The main issue presented in the article is the coverage of the occupation of the Derbent Khanate by tsarist Russia in Turkish historiography.

The end of the 18th and the beginning of the 19th centuries of the Derbent Khanate attracted the attention of Turkish historians, who in their works told about this ancient Azerbaijani land. Many research works on the occupation of the Derbent Khanate in Turkish historiography were analyzed and brought to the attention of the scientific community. The history of the Derbent Khanate of this period was investigated in the writings of Dzhemal Gekce [9], Mufid Sadik Bilge [7], Mahmoud BI [6], Jafar Barlas [4], Sharafeddin Erel [10], as well as in articles by Nedim Ipek [12], Abdullah Temizkan [21] and other authors.

The main archival documents related to the Derbent Khanate are stored in the Ottoman archives of the Prime Minister. The Hattie-Humayun Foundation collection [5] is dominated by most archival documents among the foundations. The article also analyzed many documents related to the Derbent Khanate in the Ottoman archives, which were used to study the problem.

In addition, the two-volume based on archival documents “Osmanlı Devleti İle Azerbaycan Türk Hanlıkları Arasındaki Münasebetlere Dair Arşiv Belgeleri” [15; 16], “Osmanlı Devleti İle Kafkasya, Türkistan ve Kırım Hanlıkları arasındaki Münasbetlere Dair Arşiv Belgeleri (1687-1908 iller arası)” [17], also, “Türkiye Diyanet Vakfı İSLAM Encyclopedia” describe the history of the khanate of Derbent.

Back in 1647, the Turkish traveler Evliya Chelebi, who traveled around Derbent, recalls the city as Demir-kapa (an iron door) and recalls that one of the doors on the walls of the old city was made of iron, and the door was built shortly before his arrival. E. Celebi indicates that at that time in his stay in the fortress there were 1,200 houses. Many merchants from China, Central Asia and Russia arrived here for trade and reported that customs duties had reached significant levels. [11, II, p. 306-312]

According to the İSLAM encyclopedia, the Iranian ruler Nadir Shah, who led the Russian troops out of the city of Derbent under the Ganja Treaty of 1735, sought

to make the city an important port and regain its former glory. After the capture of Derbent, he tried to populate an empty coast with a population, but he could not fulfill his plan. An independent khanate was created in Derbent after his assassination in 1747 [22, IX, p.164-166].

According to historian Mehmet Saray, the Russian-Iranian conflict in the Caucasus intensified during this period and the Russians accelerated plans to capture the Caucasus [16, II, p. 152]. The Ottoman state began to openly support Iran against Russia [20, p.64].

However, the death of Catherine II led to the end of this occupation. Iran's response to Russia's invasion of Georgia has not slowed down.

According to historian Abdullah Temizkan, Iran's invasion of Georgia can be seen as hostilities, which will ultimately be seen as punishment and looting. However, he notes that the attacks on the Dagestan and Azerbaijan khanates were aimed at strengthening their forces there, keeping Derbent in control, thereby preventing the advance of Russia to the south and the attack on Iran. [21, p. 447-462].

After the death of Catherine II in May 1797, when the Russian garrison left Derbent, Sheikh Ali Khan again united Derbent with the Guba Khanate [13, p.120]. After an internal discontent in the 1800s, the brother of Sheikh Ali Khan Hasan Khan seized power in Derbent. Not missing this opportunity, Russia immediately recognized the Derbent Khanate [18, p. 761]. After the younger brother was proclaimed a khan in Derbent, Sheikh Ali Khan attacked Derbent and resettled all the inhabitants of Magal Ulus to the Guba Khanate. As a result, only the city of Derbent remained under the rule of Hasan Khan [3, p.183].

The attitude of Turkish historians and the politics of the Ottoman state towards these events in the South Caucasus is ambiguous. According to the historian A. Temizkan, we see that the Ottoman state itself could not militarily intervene in the region, but for this purpose used the Azerbaijan and Dagestan khanates, the peoples of the Caucasus to acquire the sphere of influence in the South Caucasus [21, p. 447-462]. According to the historian J. Gekchu, the peoples of Dagestan and Azerbaijan accepted the Ottoman state as their savior and closest supporter in this struggle. However, one of the important points is that, despite the Russian occupation, they still expected financial and moral support from the Ottoman Empire [9, p.193].

In 1806 Tsitsianov came to Baku but was killed by Hussein's khan's men. However, Russian troops continued the attack [5, doc. 6702-B; 6677-A]. In June 1806, General Glazenap, commander of Russian troops on the Terek line, marched to Derbent and Baku. In Buinaksk, Russian troops united with Mehti Shamkhal Tarkinsky gained

Derbent without a fight because of the separation of Sheikh Ali Khan. [7, p.168]. Historian J. Goekce describes these events as follows: "The Russians occupied the Derbent city again by crossing the lands of Mehti Shamkhal Tarkinsky. Thus, Dagestan lost contact with the Ottoman Empire and Iran "[9, p.190]. According to the historian M.S.Bilge, the king was granted the title of general and governor of the Derbent Khanate to Shamkhal Tarkinsky Mehdi Khan for this victory [7, p.168]. Despite the conquest of the Guba Khanate by tsarist Russia in 1806, Sheikh Ali Khan continued his struggle and regained his power in Guba. Against the khan, new and new forces were directed. However, Sheikh Ali Khan continued to fight, retreating to Kazikumyk, and then to Akusha [16, p. 154].

According to military historian Potton, it is hard to believe that Derbent, once a powerful and powerful tower against Peter I and Zubova, was easily captured. Even one of the participants in Russia wrote the joy: "Given the importance and power of Derbent and the weakness of the Russian troops, it is hard to believe that Derbent was defeated, but this is a fact." [19, I, p. 679].

Turkish historian J. Gökçe notes that the aggression of the tsarist authorities in the Caucasus led to massive discontent among the population. A letter was sent from the peoples of Dagestan to Ottoman government officials and the padishah. [9, p. 190].

According to a study by Turkish historians, as a result of the military operations of tsarist Russia in 1806, the Caspian khanates of Azerbaijan Baku and Derbent were occupied. The khanates could not resist the occupation due to internal tensions, fragmentation, provocations of some local officials. Even those who consider tsarism a temporary mentor in the Caucasus, trying to solve their problems with its help, thought that they were not here permanently.

The reason for the defeat should be considered the inability of the khanates to unite on the eve of the occupation and not taking serious measures to protect themselves, as well as the fact that Kajar Iran and the Ottoman Empire remained far from these events.

As a result of the occupation, the Baku Khanate came under colonial rule, and the Derbent Khanate was removed from Azerbaijani lands.

Bibliography

- 1.Абдуллаев Г.Б. Азербайджан XVIII в. и взаимоотношения с Россией. Баку 1965
- 2.Алкадари Г.Э. Асари-Дагестан Махачкала, 1929
- 3.Бакиханов А. А. Гюлистан-Ирам, Баку, 1926

4. Barlas Cafer. Hicretteki Dağıstan, Yalova 2010, 326 səh
5. Başbakanlık Osmanlı Arşivleri (BOA), Hattı-Humayun (HAT)
6. Bî Mahmud. Kafkas Tarihi, 2 Cilt, Berikan Yayınevi Ankara 2011, 886 səh.
7. Bilge M. Sadık Osmanlı Devleti ve Kafkasya – Osmanlı Varlığı Döneminde Kafkasyanın Siyasi-Askeri Tarihi ve İdari Taksimatı (1454-1829), Eren Yayıncılık, İstanbul, 2005, 295 səh.
8. Броневский С. М. Новейшие географические и исторические известия о Кавказе: Москва 1823, II
9. Gökçe Cemal. Kafkasya ve Osmanlı İmparatorluğunun Kafkasya Siyaseti: Şamil Eğitim ve Kültür Vakfı, İstanbul 1979, 253 səh.
10. Erel Şerafeddin. Dağıstan ve Dağıstanlılar, İstanbul Matbaası, İstanbul 1961, 264 səh.
11. Evliya Çelebi Seyahatnamesi, 2. Kitap, İstanbul: Yapı Kredi Yayınları 2017, 1183 səh.
12. İpek Nedim. “Kafkaslar’daki Nüfus Hareketleri” // Türkiyat Mecmuası, C. 20, 1997, s.273-313;
13. Козубский Е.И. История города Дербента, Темир-Хан Шура, 1906
14. Левиатов В.Н. Очерки из истории Азербайджана в XVIII веке, Баку, 1948
15. Osmanlı Devleti ile Azerbaycan Türk Hanlıkları Arasındaki Münasibetlere Dair Arşiv Belgeleri (Karabağ-Şuşa, Nahçıvan, Bakü, Gence, Şirvan, Şeki, Revan, Kuba, Hoy) 1578-1914, I kitab. Ankara, 1992, 427s.
16. Osmanlı Devleti ile Azerbaycan Türk Hanlıkları Arasındaki Münasibetlere Dair Arşiv Belgeleri Karabağ-Şuşa, Nahçıvan, Bakü, Gence, Şirvan, Şeki, Revan, Kuba, Hoy II (1575-1918), Ankara 1993
17. Osmanlı Devleti ile Kafkasya, Türkistan ve Kirim Hanlıkları arasındaki münasibetlere dair arşiv belgeleri (1687-1908 yılları arası) Başbakanlık Devlet Arşivleri Genel Müdürlüğü Osmanlı Arşivi Daire Başkanlığı. Ankara Başbakanlık, 1992, 240 səh.
18. Полное собрание законов Российской империи (ПСЗ), Том 26, СПб 1830
19. Потто В. Кавказская Война, Том I, СПб 1887
20. Saray Mehmet. Azerbaycan Türkleri Tarihi, İstanbul Matbaası, İstanbul 1993, 149 səh
21. Temizkan Abdullah. Rusya ve Osmanlı Devleti’nin Kafkas-Ötesinde Nüfuz Mücadelesi // Türk Dünyası İncelemeleri Dergisi, 6(2), 447-462
22. Türkiye Diyanet Vakfı İSLAM Ansiklopedisi, Derbend, İstanbul, 1994, IX cilt, s.164-166

ОККУПАЦИЯ ДЕРБЕНТСКОГО ХАНСТВА ЦАРСКОЙ РОССИЕЙ В ТУРЕЦКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ.

Аннотация

Основным вопросом, представленным в статье, является освещение оккупации Дербентского ханства царской Россией в турецкой историографии. Известно, что Дербентское ханство занимает особое место среди северных ханств Азербайджана, благодаря своему географическому положению и стратегическому значению. За годы своего существования ханство сыграло роль моста между севером и югом, между Азией и Европой, образуя северную границу Азербайджана. История Дербентского ханства в начале XIX века также привлекла внимание братских турецких историков и упомянула об этом ханстве в своих делах.

Многие исследовательские работы по оккупации Дербентского ханства в турецкой историографии были проанализированы и доведены до сведения научного сообщества. Отметим, что по результатам исследований турецких историков Й. Гекче, М.С. Бильге, А. Темизкан, М. Сарай и другие историки на эту тему различаются по своей объективности.

Источник объекта исследования также очень богат. В статье также использовались архивные документы и книги, составленные на основе архивных документов.

Ключевые слова: Северный Азербайджан, Дербентское ханство, Царская Россия, оккупация, Турецкие историки

ТҮРІК ТАРИХИГРАФИКАСЫНДА ДЕРБЕНТ ХАНДЫҒЫНЫҢ ПАШАЛЫҚ РЕСЕЙДІҢ ЖАУЛАП АЛУЫ

Түйіндеме

Мақалада келтірілген басты мәселе - Дербент хандығының патшалық Ресейдің жаулап алуы туралы түрік тарихнамасында баяндау. Дербент хандығы географиялық жағдайына және стратегиялық маңыздылығына байланысты Әзірбайжанның солтүстік хандықтары арасында ерекше орын алатыны белгілі. Өзінің өмір сүру жылдарында хандық солтүстік пен оңтүстік, Азия мен Еуропа арасында, Әзірбайжанның солтүстік шекарасын құрайтын көпір рөлін атқарды. 19 ғасырдың басындағы Дербент хандығының тарихы бауырлас түрік тарихшыларының назарын аударды және бұл хандықты өз істерінде атап өтті.

Дербент хандығын басып алу туралы түрік тарихнамасында көптеген зерттеу жұмыстары талданып, ғылыми қоғамдастық назарына ұсынылды. Айта кетейік, түрік тарихшыларының зерттеулері бойынша Дж.Гөкче, М.С. Бұл мәселе бойынша Білге, А.Темизкан, М.Сарай және басқа тарихшылар объективтілігімен ерекшеленеді. Зерттеу объектісінің қайнар көзі де өте бай. Мақалада мұрағат құжаттары мен мұрағат құжаттарына негізделген кітаптар да қолданылды.

Кілт сөздер: Солтүстік Әзірбайжан, Дербент хандығы, Патшалық Ресей, жаулап алу, түрік тарихшылары

ӘӨЖ 03.20

ҚАЙТПАС АУЫЛЫНЫҢ АТАЛУ ТАРИХЫ

Севи́ль Пириева-Карама́н

Т.ғ.к., Анкара Университеті, Анкара/Түркия

Түйіндеме

Әрбір азамат өзінің жергілікті жердегі ел тарихын және жердің тарихи орындарын жете білуі тиіс. Әрине, тарихи әдебиеттерде бәрі болуы мүмкін емес. Оны білу, зерттеу, тиісті орындарға хабарлау, сондай-ақ алғашқы ғылыми ізденістер негізінде бір жүйеге келтіріп ғылыми мекемелермен байланыс жасап көпшілікке таныстырса орынды болар еді. Әрбір оқушы өз өлкесінің тарихын, этнографиясын, әдебиетін, тарихи орындарын біліп, ата-бабаларының өмірін зерттеп тарих ғылымына аз да болса үлес қосар болса Отанға, елге деген сүйіспеншілігі артатындығы рас. Бұрын беймәлім болып келген тарихи орындардың сырын ашып, оның зерттелуі үшін ат салысса, Отанымыздың тарихына аз да болса үлес қосқандық болар еді.

Бұл мақалада Қайтпас ауылының тарихын, өлке тарихын, ел тарихын нақты дәлелдермен түсінікті түрде көрсете білу, сондай-ақ тарихи құжаттарды, баспасөз материалдарын пайдалана отырып тарихи мәлімет беру бастапқы мақсат. Қайтпастың құрылған күннен елу жылдық тарихын өз көздерімен көріп, өз қолдарымен құрған кісілердің естеліктеріне сүйене отырып алынған ауызша әңгімелер және газет материалдар негізінде жазылады. Сонымен қатар бұл жерде ауылдың аталу тарихына да орын берілетін болады.

Кілім сөздер: *Қайтпас, тарих, терең сай, албасты сай.*

Қайтпас ауылының аталу тарихы да әрқилы. Ертеде ауыл Шымкенттің солтүстік шығыс жағындағы 5-6 км қашықтықтағы шығыстан батысқа қарай созылып жатқан “Терең сай” деп аталған сайдың бауырына орналасқан. Адамдар ол жерде жазда киіз үйлерде қыста кепелерде мекендеген. Олардың негізгі кәсібі мал шаруашылығы болған [1].

Бертін келе халық “Терең сайдың” солтүстік жағындағы Сайрам суының бұрынғы өзен аңғары Тассай деп аталатын жерге көшіп келді. Олар алғашқы кездерде киіз үйлерде кейінірек қыштан соққан үйлерде отырды. Бұрын мал шаруашылығымен айналысса, енді егіншілікпен де айналысуды кәсіп етті, арық-атыздар қазылып, суармалы жерлер пайдаланылды. Ауыл аты Терең сай емес, енді Тассай деп атала бастады. Кеңес үкіметіне дейін Тассай

ауылы еді. 1917 жылы кеңес үкіметі орнаған соң ауылда көптеген өзгерістер болды. Әр бір отбасына жер бөлініп берілді. Қатар-қатар етіп көше бойына үй салынды. Ауылға ең негізгісі ауыз су жеткізілді. Әуіздер пайда болды. Ауылдың аты да өзгерді. Кеңес үкіметінің жергілікті басшылары бұл ауылдың адамдары ержүрек айтқандарынан қайтпайтын адамдар деп ауыл атын “Қайтпастықтар” деп атап да ресми түрде “Қайтпас” деп аталды.

Албасты сай отызыншы жылдары репрессия құрбандарының жазалану орнына айналды. Бұл жер өте қорқынышты жер болды. Жазықсыз жапа шеккендер жазаланған жерді жергілікті халық “Албасты сай”, “Сельмаг сайы” деп атады. Кейбіреулер өзіне керекті киім-кешегін, ыдыс-аяғын сол сайда жазаланғандардың бұйымдарын пайдаланды “Сельмаг”-тан керегінің бәрін табасың делінді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында ауыл “Махатай” ауылы деп аталды. Өйткені Махатай деген кісінің емшілік қасиеті болатын. Ол кісі жергілікті жер өсімдіктерінен жанға шипа беретін, ауруына дауа болатын дәрілер әзірлейтін. Сондықтан алыс-жақыннан соны естіп, қотыр түскендер, шашы түсіп таз болғандар, абайсызда аяқ-қолы сынғандар т.б. аурулардың саны күннен-күнге көбейіп, емделуге ағылып келушілер көбейе бастады. Дертіне шын мәнінде дауа тапқандар әлі күнге дейін емші Махатайды сөз етеді. Сондықтан да сол бағытқа баратындардан қайда барасың, деген сұраққа көпшілік Махатай ауылына барамын дейтін. Міне, ресми түрде болмаса да, Махатай деп аталуы көпшілікке мәлім. Таксистердің көбі ол ауылға адамдарды жиі-жиі таситын. Ал соңғы кезде: “Тассай”, “Албастысай”, “Сельмаг”, “Махатай ауылы”, “Шымыр” атаулары мұражайдан орын алып отыр [2]. Ал Қайтпас ауылы ресми түрде Қайтпас I деп аталуда. Ауылдың қазіргі аты Қайтпас шағын мөлтек ауданы.

Қарауылтөбе немесе Күлтөбе сыры. Қайтпас ауылының шығыс жағында тас өндіретін рудасыз құрылыс материалын өңдеуші, даярлаушы карьер бар. Дәл түбінде тегіс жерде адамды ойландыратындай, қызықтыратындай ертеден бері мәлім бір төбе бар. Биіктігі 20-30 метрдей. Ұзындығы 100-150 метрдей. Ата, әжелеріміз оны “Күлтөбе” немесе аңыз бойынша “Қарауыл төбе” деп атайды. Төбенің айналасы тегіс жер. Биік қырдан алыста. Айдалада жалғыз төбе, бұл жер ерте заманда өзеннің аңғары болған. Жердің бәрі тас, құм. Қазірдің өзінде күні-түні құм, малта тас, қиыршық тас өндіріліп қала кәсіпорындарында пайдаланылуда. Теп-тегіс жерде төбе қалай пайда болған. Әлі де төбе өзінді қызықтырып ойландырады. Сырын өз ішінде жасырып жатыр. Әлі жете зерттелмеген. Тәлім Жүсіпова деген әжеміз “Жас кезімізде 2-3 орыс келіп, күркелерін құрып осы Күлтөбені қазып, мол байлық тапты”-деп

айтатын. Қазір төбе өсіп келе жатқан ауылдың ортасында қалып бара жатыр. Біреулер сыртын сыммен қоршап иемденіп те алған. “Күлтөбеде” археологиялық қазба жұмысы жүрмеген.

“Күлтөбе” сыры әлі ашылмаған. Тарихи-археологиялық картаға бұл төбе түспеген. Пысықтау кейбір азаматтар төбе топырағын қазып алуды бастаған екен. Адам сүйектері шыққаннан кейін топырақ алу тоқтаған. Осы әлі сыры ашылмаған “Күлтөбе” сырын ашуға ат салысуымыз қажет. Үлкен Алматы – Шымкент автомагистраль бойында орналасқан төбе сырын ашуға кірісу қажет. Соғыс жылдары осы төбені әскери дайындық орнына айналдырған деген сөз бар.

Қала ма әлде бекініс пе? Ауылымыздың солтүстік-шығысындағы биік қырдың етек жағында ерекше бір тарихи орын бар. Алыстан қарасақ қала орны немесе бекініс сияқты көрінеді. Жақыннан қарағанда жәй ғана қыр сияқты. Арғы жағы биік қыр ал сол қырдың етегінде 3 гектардай жерді алып тұрған сыры ашылмаған жер өзіне назар аудартады. Үстінде жүріп зер сала қарасаңыз төрт бұрыштанған үш жақ шеті ертеде тіке адам шыға алмайтын биік жар болған сияқты. Ал биік қыр жағында үлкен қақпа болғандығы байқалады. Дала тышқандарының қазып тастаған індерінен керамика сынықтары көрінеді. Батыс жақ шетінде ойпаңдау орындар бар. Қазуға рұқсат жоқ екендігін білеміз.

“Қазбадық, көрдік сырын білуге талпындық. Көпшілік халық бұл жерге мән бермейді де. Ауылдағы жасы келген аталардан, апа-әжелерден сұрап сыр тарттық. Ұлы Отан соғысы кезінде дәл осы биіктіктен, етегінен де мақталыққа себуге күл алатынбыз. Етек жағында күл көп еді. Кейде күлдің ішінен 2-3 рет домалақ шар тауып алғанбыз. Саздан жасаған шарды ұрып сындырғанда, ішінен күл сияқты заттар шығушы еді”, - дейтін Бейсенкүл, Ұлту, Ділдәхан сияқты Қайтпастық апаларымыз [3]. Олар, соғысқа дейін көң ретінде осы жердің топырағын егістікке себетінбіз. “Мақтадан мол өнім алатын едік” дейтін. “Қазір бұл жердің топырағы таза, әрі жақсы екен” деп топырақты эксковатормен қазып алуды бастаған. Бұл жерде қала немесе қамал сырын ашу үшін археологиялық зерттеу жұмысының жүргізілуін ұсынар едік.

Ертедегі ауыл тарихы. Қазан төңкерісіне дейін ауылымыз қазіргі “Қасірет” мемориалының алдыңғы жағындағы “Терең сай” деп аталатын аймақтың шығысында 2-3 шақырым жерде орналасқан. Терең сай биік, қырлары көп-ақ. Ауыл ол кезде Шымкент–Қарабұлақ сауда жолының бойында орналасқан. Терең сай түбінде өзенше аққан. Суы таза, мөлдір болған. Шығысында қысқа қарай су сақтайтын бөген болатын. Лапшын елді мекеніне дейін ауыл тұрғындары мекендеген “Терең сай” тарихы бізді қызықтырып

келеді. Терең сайдағы оның екі жағындағы қырда орналасқан ауыл тұрғындары киіз үйлерде мекендеген. Ал азын-аулақ малын, азық-түліктерін сақтау үшін әр отбасы мүшелері сайдың түбінен кепелер, үңгірлер қазып алған. Тұрғындар мал өсірген, егін еккен, саудамен айналысқан. Қолөнер бұйымдарын жасаған. Ер шауып, аттың әбзелдерін, әшекей бұйымдарын жасайтын шеберлер ауылда аз болмаған. Осындай елді мекен тарихын көне көз аталарымыз Шахабай Түктібаев, Әбдір Көлбаев: әжелеріміз Жұмакүл Әлібекова, Бибігүл Жұмабекова байырғы ұстаз Әбдіраев Өмірзақтан естіп, біліп, естеліктерін жазып алдық. Сонымен қатар бұл кітапта Бекжігітов Асқарбек ағаның да естелігі орын алып отыр.

Қайтпас ауылының тұрғындарының ертеде өмір сүрген жерін барып көріп жүрміз. Зерттеп жүрміз. Көптеген үңгірлер, құдықтар орны әлі де білініп тұр. Олар асығыс көмілген, шала немесе жартылай көмілген. Бұл жер 1926-шы жылдан бастап халық жауларын жазалайтын жасырын, ешкім сырын білмейтін орын болған. Кейінірек адамдар Қайтпас ауылына көшіп келгенен соң 1916-1918-ші жылдары өздерінің тұрған “Терең сай” алыста ата мекенде қалды. Ол кезде Шымкент қаласы біршама алыста болды. Үңірейген үңгірлер, шөп, бұта басқан ескі жұрт ПХК (НКВД) көзіне түсе бастаған. Бұл жерді өте құпия түрде түн ортасында халық жаулары дегендерді жазалайтын орынға айналдырды. Түнде атылған мылтық, тапанша дауыстарын, машиналардың гүрілін еститінбіз – дейтін Қалдыбеков Өтеген атамыз.

Қызымжан Әнәфияева апамыз “Тереңсай” кейін “Албасты сай” аталған жер тарихын жақсы әңгімелейтін. “Албасты сай” сырын ата-аналарымыз жақсы біледі.

Репрессия құрбандары мен жазықсыз жапа шеккендердің тарихы олардың жазаланған жерін зерттеуді қажет етеді. Ол жерлерді аяқ асты етпей, тарихи орынға айналдырылса тиімді болары даусыз.

Пирамидалар өлкесі. Қайтпас-1 ауылының айналасында көптеген тарихи орындар бар. Зер сала қарасақ тұнған тарих дерсің. Дендросаябақтың төменгі жағында, екі шақырым жерде сайдың түбінде ертеде адамдардың қолынан шыққан дүние іспеттес таңғажайып орындар бар. Сырт қарағанда білінбегенімен терең мән бере қарасаң адамды ойландыратындай, қызықтыратындай төбе, төбешіктер көп-ақ. Бұл жерді “Пирамидалар өлкесі” деп атауды жөн көріп отырмыз. Бұл сыры әлі ашылмаған өте қызықты жер. Алматы – Термез автомагистралының бойында орналасқан. Бірақ терең сай. Иір-иір бұралаңы көп. Бір қарағанда жай сай-сала көрінгенімен, барлай

қарасаңыз тура пирамидалар өлкесі сияқты. Үш қырлы, төрт қырлы пирамидалардың шоғыры өзіне-өзінді шақырып тұрғандай.

Таң қаларлығы, төртеуі – үш қырлы, үшеуі – төрт қырлы. Биіктігі 30-40 метрдей, көлденең 50-60 метрдей. Бірінен кейін бірі сайдың түбінде орналасқан. Адамдар қолмен әдейі жасағандай, шын мәнінде адамның қолынан шыққан дүние сияқты. Сайдың екі жағы тегіс. Ал сай иректеле орналасқан. Ирек-ирек сызық сияқты. Пирамидалардың пайда болуында судың әсері болмаған. Ал судың әсері болғанның өзінде де дәл пирамиданы жасай алмайды.

Бұл жердің сыры әлі ашылмаған. Адам қолы тимеген. Соңғы кездері осы аймаққа топырақ сатып баюды көздеген іскер компаниялар техникаларын жақындата түсіп төменгі жағынан топырақты қопара отырып өндіруде. Тасуда, сатуда. Осы аймаққа жіті көзбен қарап, табиғаттың өзінді қызықтыратын өңірін тез арада зерттемесе болмайтын сияқты.

Ауыл тарихы - Ел тарихы. “Қайтпас-І” елді мекенінің осы кездегі тұрғындары “Атамекен” деп аталған “Албасты сай” сырын жете білмейді. Көне-көз қарияларымыздың айтқан естеліктері қазіргі жастарымызға ертегідей елес береді. Бірақ шын мәнінде ел тарихына, жер тарихына үніле мән бере қарасақ, ауыл тарихы “Атамекеннен басталады”. Біздің ата-бабаларымыз “Тереңсай” деп аталған аймақта баяғыдан мекендеді. Көне карталарда, ескі құжаттарда, Шымкент қаласының солтүстік тұсында “Шымыр ауылы” атты елді мекен бар екені мәлім. Ресей мемлекеті жаулап алғаннан кейін №10-шы ауыл деп аталды. Ол кезде ауылда 30-40 шақты үй болды. Ауыл тұрғындары мал бақты, бидай, тары, қонақ екті. Қоқан ханының кезінде көптеп келген Өзбек қожалары жақсы жерлерді иеленді. Су көздеріне қожалық етті. Суармалы жерлер қожалардың билігінде болды. Шымкент қаласына жақын орналасқан ауыл тұрғындары саудамен айналысты. Сол кездегі “Қарабұлақ” деген сауда жолы әлі де бар. Бұл жол қазіргі кезде Әл-Фараби ауданы мен Сайрам ауданының арасын бөліп тұрған шекара іспеттес. Терең сайдың түбінде шағын арық болды. Жоғарғы жағында қолдан жасалған бөгет орны әлі білініп жатыр. Диханшылардың күнкөрісі егіншілік болды. Суландыру жүйесін толық меңгерді. Бабаларымыз қырға су шығарды. Егін салудың куәсі арық-атыздар ізі әлі де сайрап жатыр. Тассайдың екі жағы мал жайылымы болды. Терең сайдың екі жақ тұсында киіз үйлерде халық мекендеді. Қазіргідей үйлер сол кезде болмаған еді. Өздері киіз үйде тұрып мал-мүліктерін, азық-түліктерін сайдың етек жағынан керегінше лайықтап қазып алған үлкен кепелермен, үңгірлерде сақтады. Қыс қатты болған жылдары малдарын үңгірде, кепеде

ұстады. Әрбір үңгірдің егелері оны тиімді пайдаланып отырды. Сайдың екі жағында 60-70-тей үңгір болды. Ол үңгірлердің орны әлі де білініп тұр. Ол кезде су тапшылығын шешу үшін құдықтар қазылды. Оның бірі Жарылқасын атамыздың құдығы. Ол құдықта 15 құлаштан су шыққан. Су таза, мөлдір болатын дейтін ағаш ұстасы Қалдыбеков Өтеген ата. Ал жазық жерлердегі егілген егістікке су жоғарыдан келетін. Бірақ оған Қоқандықтар қожалық етті. Тиісті ақысын төлеп арық суын халықтың шаруашылық даналығы бойынша қырға шығарып ауыл диханшылары егін екті.

“Қарабұлақ” жолымен солтүстікке қарай Тараз бағытына және Оңтүстікке қарай Ташкент бағытына сауда жолы өтті. Қарабұлақ – Шымкент жолы бұрын арба жол болды. Қазірде сол арба жолдың ізі бар. Тек жаяу немесе атпен жүруге болады. Қалаға жақын жерлерде үйлер салынуда. Кей жерде жолдан да із қалмаған. Сауда жасаудың негізгі тауары мата, мал, қолөнер бұйымдары болды. Жақсы жерлер, Оазис жерлер Қоқан билеушілерінің қол астында болды. Қазан төңкерісінен кейін ауыл тұрғындары Қайтпаста қазіргі тұрған жеріне көшіп келді. Атамекен алыста қалды. Ол кезде Шымкент қаласының ең шеті Ғ.Иляев көшесінің бойы еді. Қала ауылдан қашықта орналасқан. Ал халық Орта арықтың айналасында сулы жерде мекендеді. Ауыл тұрғындары көбінесе диханшылықпен айналысты. Отырықшылық өмір басталды. Сайрамсудан суландыру жүйесі арқылы су келтірілді. Алыста қалған ата-бабаларымыз мекенін қазіргі жастар Атамекен деп атайды. Елсіз жер тоғай басып жеке жарын адам баруға қорқатындай орынға айналды. Қарауытқан үңгірлер, жер кепелер айдалада келе жатқан адамдарға қорқынышты көрінді. Қорыққан адамдар көзіне қорқыныш елестеп “Тереңсай”, “Албасты сай” деп аталып кетті. Адамдар сирек қатынағаннан кейін “Албасты сай” адам баруға жүрексінетін жайға айналды. Алыста қалған “Атамекен” Ішкі Істер Органдарының назарына іліне бастады.

-Мен бұл сайда екі рет болдым. Біріншісі Қайтпаста 1966-шы жылы бастауыш мектебі болатын. Бірінші мамырдың қарсаңында мен, Әбдіраев Өмірзақ, Жумабекова Айнаш апай және Өлмесхан Жәнібеков мектеп оқушыларын ауыл сыртына саяхатқа алып шықтық. Саяхатқа шығатын жер “Албасты Сайдың” төңірегі еді. Сайдың екі жағында үңгірлердің қуыстары анық көрінетін. Әбдіраев оқушылардың үңгірге баруына тиым салды. Ал Өлмесхан ағай сол үңгірлерді көзіммен көргісі келді. Оның да баруына Айнаш апай қарсы болды.

- “Не бар, онда саған? Сені көріп оқушылар да барады”, - деді. Не де болса оқушылардың көзіне түспей қуысы кеңірек бір үңгірге жақындады.

Артына қараса Өмекең де келе жатыр. Оны күтті. Үңгірге бірге үңілді. Шашылып жатқан ірі-ірі адам сүйектері мен киім-кешектерді көрді. Арадан 4-5 жыл өткен соң сол жерге тағы барды. Үңгірлер бәз баяғыдай, бірақ көпшілігі бекітілген.

Сихым ауылының тұрғыны Сатыбалды ақсақалдың “Албасты сай” туралы айтқандарынан:

- Қайын-жұртым Қайтпаста тұрғандықтан, мен ол ауылға жиі барып тұратын едім. “Албасты сайда” адамдарды, тұтқындарды түнделетіп өлтіріп кететіндігін және жақын жерде тұратындар барып өлген адамның киім-кешегін шешіндіріп алатын. Кейбіреулері сол киім-кешекті базарда сатып күн көретін. Оны естіп мен де барып, шет жағында аңдып отырдым. Күн батып қараңғы түскен соң, бір машина қала жақтан келіп сай ішімен үңгірге қарай жүрді. Біраз уақыттан кейін атылған оқ дауысы шықты. Содан соң машина кетіп қалды. Соның кетуін күткен мен және қасымдағылар үңгірге жақындадық. Өлген адамдардың киім-кешегін шешіп алдық. Судай жаңа киімдер екен. Ертеңіне оны тазалап жуып базарға апарып саттым. Осылайша көзім де көңілім де үйреніп кетті, - деп әңгімелейтін ақсақал [4].

Әдебиеттер

1. Аллахверди Пириев. Севиль Пириева. “Түрік әлемі және Ата қонысым Ахысқа” 2003, 298 б.

2. Болат Оңғарбаев. // Кеңес Одағының Батыры Е.Молдабаев атындағы сегіз жылдық мектеп. Қазақстан мұғалімі газеті, №31 29.07.1988 ж

3. Мәмбет Таңсық, «Мағыналы ғұмыр». 2011, 171 б.

4. Өлмесхан Жәнібеков. // Албасты сай. Оңтүстік таңы газеті, №21 (178), 28.05.2008.

ИСТОРИЯ НАИМЕНОВАНИЯ СЕЛО КАЙТПАСА

Аннотация

В предлагаемой статье исследуются краеведческие аспекты, автор стремится внести вклад в изучение исторических мест своей малой родины, в пропаганду сохранения и популяризации богатых традиций многонационального южного края, в формирование чувства ответственности за его судьбу. Исследование истории, географии, объектов родного села, построенное на научной основе, — одно из чрезвычайно важных направлений в воспитании всесторонне и гармонично развитой личности, ориентированной на гражданскую активность, на проявление заботы

о благоустройстве окружающей социально-общественной среды. Такого рода исследования усиливают роль воспитания, обеспечивают непрерывность и преемственность всех уровней образования, в том числе — и школьного, когда каждый ученик стремится к освоению знаний об истории, этнографии, литературе своей малой родины. Представленная в статье историческая информация отобрана и систематизирована на основе архивных и газетных материалов, с привлечением воспоминаний тех людей, которые создавали пятидесятилетнюю историю своего села.

NAME HISTORY KAITPAS VILLAGE

Annotation

This article explores the local history aspects, the author seeks to contribute to the study of the historical places of his small homeland, to the promotion of the preservation and popularization of the rich traditions of the multinational southern region, to the formation of a sense of responsibility for his fate. The study of history, geography, objects of the native village, built on a scientific basis, is one of the extremely important directions in the upbringing of a comprehensively and harmoniously developed personality, focused on civic activity, on taking care of the improvement of the surrounding social and social environment. This kind of research enhances the role of upbringing, ensures the continuity and continuity of all levels of education, including school, when each student seeks to master knowledge of the history, ethnography, and literature of his small homeland. The historical information presented in the article is selected and systematized on the basis of archival and newspaper materials, with the involvement of the memories of those people who created the fifty-year history of their village.

ӘОЖ94(574)

ЖОҢҒАР ШАПҚЫНШЫЛЫҒЫНЫҢ ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ ЖАҢА ДЕРЕКТЕР

М.К.Алдабергенова, Ф.Т. Уразбаева, Г.А. Жадраева, Д.Н. Нусипова

¹Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің доцент
м.а., PhD

²Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің
магистр-оқытушысы

³Халықаралық гуманитарлық-техникалық университеті, аға оқытушы

⁴6M011400-Тарих мамандығының II курс магистранты

Түйіндеме

Мақала қазақ халқының жоңғарларға қарсы күресінің тарихнамасын талдауға арналған. Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресін зерттеудегі ауызша тарихтың тарихнамалық әлеуеті анықталады. Ауызша тарих шығармаларына жасалған мәтіндік талдау негізінде халық жадындағы трагедиялық оқиға желісі қалпына келтірілгендігі қарастырылады. Патшалық кезең тарихнамасының қол жеткізген жетістіктері – фактологиялық материалдардың жинақталуы, дәстүрлі ауызша тарихты сақтаудағы үлесі көрсетіле отырып, отаршылдық саясатты ақтау бағыттары сараланады. Кеңестік тарихнамада әр түрлі авторлардың жоңғар шапқыншылығы мәселесі қазақтардың Ресейге өз еркімен қосылуы тұжырымын дәлелдеуге көмекші құрал ретінде қолданылғандығын көрсетуге тырысқандығы көрінеді. Посткеңестік кезеңдегі Қазақстан тарихнамасында мәселенің қазақ халқының азаттық үшін күресі мен ерлігі тұрғысынан зерттелгені нақтыланады. Қазақ-жоңғар соғысының төңкеріске дейінгі, кеңестік және посткеңестік кезеңдердегі тарихнамасы хронологиялық ретте талданады.

Кілт сөздер: *жоңғар шапқыншылығы, қазақ-жоңғар соғысы, Бұланты шайқасы, Ақтабан шұбырынды.*

Ұлттық тарихымызды қайта зерделеу барысында Отан тарихының өзекті мәселелері, атап айтқанда Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі қайта зерттелуі заңдылықке кендігі анық. Жаңа кезеңге қадам басумен қатар еліміздегі жекелеген ғылым салаларында түйінді өзгерістер орнату заман талабына сай өзгеріс болып табылады.

К.А. Пищулина өз еңбегінде Керей мен Жәнібек тұсында қазақ

руларының жағдайына Әбілхайырдың XV ғ. 50-жылдарында ойраттардан жеңіліс табуы кері әсерін тигізгендігін жазады [1, с. 147].

Н. Мұқаметқанұлы XV ғ. Орта Азиядағы қазақ ұлты мен моңғолдың жоңғар руы арасындағы қарым-қатынас пен олардың бүкіл Орта Азия тарихына терең әсер көрсеткенін атап өткен. Ортағасырлар тарихының маманы К.А. Пищулина өз мақаласында «қазақтар мен ойраттар бір ғасырға жуық бейбіт және тату көрші қарым-қатынаста болды» деген қате пікір екендігін дәйектемелер келтіре отырып дәлелдейді. Бұл жансақ пікір екендігін сол кезеңді зерттеушілердің көпшілігі қолдайды. Қазақ пен жоңғар арасындағы соғыс туралы К.Данияров, оның 23 жылға ғана созылғандығын айтады [2, с. 227], ал «Қазақстанның әскери тарихы» атты еңбекте қазақ-жоңғар соғысының хронологиясы жайлы мынадай пікір қалдырады: «қазақ елінің өткендегі тарихында елеулі із қалдырған, дүркін-дүркін үзілістермен 100 жылға жалғасқан қазақ-жоңғар соғысы...» [9, б. 110]. Н.Мыңжан болса қазақ-жоңғар қатынастары 120 жыл барысында кейде шиеленісіп, қан төгіс соғыстарға ұласқан, кейде бәсеңдеп уақытша бітімге келгендігін баяндайды [3, б. 271].

М.М. Мағауин қазақ-жоңғар соғысының ең ауыр зардабы демографиялық шығын деп көрсеткен [5, с. 104]. Зерттеуші К.А. Пищулина «Ақтабан шұбырынды» жылдарында халықтың үдере көшкенін айтады [1, с. 156]. М.Қ. Қозыбаев халықтың үштен екі бөлігіне дейін азайғанын келтірген [6, с. 41]. Кейбір зерттеушілер «Ақтабан шұбырынды» жылдарында қазақ өз құрамының 40 пайызынан айрылғандығын айтылады.

1982 ж. жарық көрген «Қазақ ССР тарихы» кітабында 1723 жылғы шабуылда жоңғар әскерінің саны 100 мың адамға жеткендігі айтылған [7, 18 б.]. А.С.Сейдімбек өз зерттеулерінде 1723 жылғы соғысқа жоңғарлар тарапынан 70 мың сарбазы қатысқан деп көрсеткен [8, с. 84]. Ал Қазақ хандығының жауынгерлер саны 90-100 мың адам арасында болған. Бұл туралы Т.И. Сұлтанов өз еңбектерінде баяндаған [22, с. 88-89; 257, с. 53].

К. Аманжолов пен К. Тасболатов болса «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» сөзі мақал- мәтелдерге ұқсас тіркес ретінде пайдаланылады [3, б. 115]. З. Қинаятұлы атты ғалым «Алқакөл сұлама» сөз тіркесі арқасын суытуға мұршасы болмай күндіз-түні жол жүрген жануардың жон еті қызынып, қалжырап сұлаған. Бұл ауруды араб тілінде «Alhasol» ауруы дейді деген пікірлер келтіреді [10, б. 226].

Бірқатар авторлар атап айтқанда Ә. Ысмайылов пен С. Жолдасов жоңғар басқыншылығына қарсы шайқаста ерекше орын алған оқиға Ордабасы

тауындағы кездесу деп атап көрсетеді [11, б. 39].

Б.Б. Кәрібаев өзінің Аңырақай шайқасы мен 1723-1728 жж. қазақ-жоңғар қатынасына арнаған мақаласында осы шайқастың тарихи маңызын «Ұлы жеңіс» деп ұлттық тұтастықты сақтап қалған, ұлттық сан-сезімді бір саты жоғары көтерген, қазақ әскери өнері жетістігінің, қазақ ынтымағының көрінісі болған, қасаң тарихи тұжырымдамаларға соққы беретін, жаңа тарихи тұжырымдамаға негіз қалайтын, қазақ халқына тәрбие құралы болған және бола беретін шайқас деп ерекше баға берген [12, б. 31].

Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі жайлы баяндап, оған көрші Ресей мен Қытайдың жасаған ықпалы жайлы авторлар өз зерттеулерінде сөз етеді де, зерттеушілердің көпшілігі екі үлкен империяның мүдделерінің түйісуі мен екі көшпелі мемлекет арасындағы қақтығыстар әр елдің өз мүддесі, өзінің көздеген мақсатына сәйкес әрекет жасауы нәтижесінде қалыптасты деген қорытынды жасаумен түйінделеді.

Ал кейбір зерттеушілер атап айтқанда М.М. Мағауин екі ел арасындағы қақтығыс Орталық Азиядағы үстемдік үшін болған деп жазады [5, с. 53]. Н.Мынжан болса, екі ел арасындағы тартыстардың негізгі түйіні көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын екі елдің Жетісу мен Сырдариядағы шырайлы жерлер мен керуен сауда жолдарындағы қалаларға тартыстың нәтижесінде болғандығын көрсетеді [4, б. 270-271]. Келесі авторлар өз зерттеулерінде жоңғарлардың қазақтарға қарсы соғыс ашуының екі себебін атап көрсетеді, біріншісі, Тәуке ханның оның одақтасы болудан бас тартуы деп қарастырса, екіншісі, қазақтардың Цеван Рабтанның қалыңдығының керуеніне шабуыл жасауы деп қарастырады. Н. Мұқаметқанұлы болса жоңғарлардың қазақтарға шабуыл жасаудағы мақсаты жайылымға, қалаға таласу емес, өш алу деп тұжырымдайды [13, б. 49]. Кейбір зерттеушілер қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі деп емес, екі елдің үстемдік үшін болған өзара талас-тартысы деп көрсету қажеттілігін айтады. Зерттеушілер сонымен қатар жоңғар шапқыншылығының тек Қазақ хандығына ғана емес, сонымен қатар Орта Азияның бірқатар мемлекеттеріне қауіп төндіргендігін жиі айтады.

Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан кейін 1998 жылы халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы деп жарияланды да тарихтың ақтаңдақ беттеріндегі түйіні шешілмеген мәселелерге көңіл бөліне бастады. Атап айтқанда, 1998 жылы «Бұланты – 98» тарихи-этнографиялық экспедициясы ұйымдастырылды да Бұланты шайқасының қазақ тарихы үшін маңызы мен орны айшықталды. Сонымен қатар кейбір авторлар өз зерттеулерінде жоңғар шапқыншылығы барысында қазақ жауынгерлерінің қолданған әскери стратегиясы мен

тактикасына назар аударған. Зерттеушілер сонымен қатар жоңғар мемлекетінің құлдырауына себеп болған факторлар қазақ халқы шапқыншыларға берген соққының нәтижесінде туындады деген тұжырым жасайды. Н. Мұқаметқанұлы болса қазақ халқынан жоңғарлардың жеңілуі мемлекеттің құлауына бір себеп қана екендігін айта келе, мемлекет ішіндегі бүліктер мемлекеттің күйреуіне септігін тигізгендігін баса айтады. Жоңғар шапқыншылығын зерттеуші ғалымдар арасында мемлекет құлдырауының нақты уақытына байланысты да карама-қайшы пікірлер көп кездеседі. Кейбір авторлар Жоңғар хандығының жойылу уақытын 1755 ж., ал келесі зерттеушілер 1756 ж. деп көрсетеді, үшіншілері Жоңғар хандығы толықтай 1758 жылы жойылды деп түйіндейді.

Ж.К. Қасымбаев Кіші жүз Ресей бодандығын қабылдағаннан кейін де жоңғар шапқыншылығы тоқтамады деп тұжырым жасайды. Мұндай жағдайда Отан соғысы деген бастамамен халықты шапқыншылық қаупінен құтқару мәселесімен билер, хандар мен батырлар айналысты [14, с. 11]. К. Аманжолов және А. Тасболатов сынды авторлар өз зерттеулерінде қазақ жерін басқыншы жаудан азат ету жолындағы нағыз Отан соғысына бастағандығын жазады [3, б. 121]. Сол секілді Н. Мыңжан да өз еңбектерінде: «бұл жорық халқымыздың бостандық пен тәуелсіздік жолындағы әділетті шайқасы – Отан соғысы болды», - деп тұжырымдайды [4, б. 277]. Т.Ә.Төлебаев өз зерттеуінде «Отан соғысы» деп атауды қолдану дұрыс екендігін айтады да [15, б. 26], тәуелсіздік жылдары жарыққа шыққан еңбектердің көпшілігінде осындай атау қолданады.

М.Қ. Қозыбаев та XVIII ғ. қазақ халқы үшін үлкен қиындықтарға толы болғандығын айта келе, қазақ халқының ұлт ретінде жойылу қаупі төнгендігін де сөз етеді [16, с. 111]. Кейбір зерттеушілер қазақ халқы үшін күрделі таңдау кезеңі орын алғандығын сөз етеді, ол жер бетінен ұлт ретінде жойылу қаупі немесе ұлт ретінде сақталынып өзінің бас бостандығын құрбан ету таңдауы болғандығын ерекше атап көрсетеді. Қалай болғанда да қазақ-жоңғар соғысының қорытындысы екі халық үшін де белгілі бір құрбандықты талап еткендігі сөзсіз. Бірі мүлдем жер бетінен жойылып кетсе, екіншісі империяның отарына айналды. Бұл туралы зерттеушілер көшпелі өркениеттің қайғылы қорытындысы деп тұжырым жасайды.

Қазіргі зерттеушілердің басты міндеттерінің бірі Кеңес Одағы тұсындағы тарихты зерделеудегі методологиялық кемшіліктерді анық көрсету болып табылады. М.М. Мағауиннің пікірінше коммунистік отарлау концепциясының бағдарлауына сай қазақтарда тарих болмау керек деген ұстаным болғандығын ашық жазады [5, с. 41]. Қазіргі зерттеушілердің көпшілігі қазақ-жоңғар соғысында жоңғар шабуылдаушы тарап, ал қазақтар өз территориясын

қорғаушы болғандықтан айтады.

Қазақ-жоңғар соғысы мәселесі тәуелсіз Қазақстан тарихнамасында қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі мен қазақ халқының азаттық үшін күресі деген сипатта қойылып, талдануда.

Әдебиеттер

1 Пищулина К.А. Казахское ханство в XV–XVII вв. // История Казахстана с древнейших времен до наших дней: очерк. – Алматы: Дәуір, 1993. – С. 144-164.

2 Данияров К. История Казахского государства XV–XX вв. – Алматы: Эдельвейс, 2001. – 528 с.

3 Аманжолов К., Тасболатов А. Қазақстанның әскери тарихы. – Алматы: Білім, 1999. – 320 б.

4 Мыңжан Н. Қазақтың көне тарихы / дайынд. М. Қани. – Алматы: Жалын, 1994. – 400 б.

5 Магауин М. Азбука казахской истории: докум. повествование. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 224 с.

6 Козыбаев М.К. Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски // В двух книгах. – Алматы: Ғылым, 2000. – Кн. первая. – 420 с.

7 Қазақ ССР тарихы (көне заманнан бүгінге дейін) // Бес томдық. – Алматы: Ғылым, 1982. – Т. 3. – 560 б.

8 Сейдимбек А. Мир казахов. Этнокультурологическое переосмысление. – Алматы: Рауан, 2001. – 576 с.

9 Султанов Т.И. Кочевые племена Приаралья в XV–XVII вв. (вопросы этнической и социальной истории). – М.: Наука, 1982. – 133 с.

10 Қинаятұлы З. Жылаған жылдар шежіресі – Алматы: Мерей, 1995. – 298 б.

11 Ысмайылов Ә., Жолдасов С. Ордабасы кездесуі: ақиқаты мен аңызы // Қазақ тарихы. – 1998. – № 1. – Б. 38-44.

12 Кәрібаев Б.Б. Шайқастың тарихи маңызы // Қазақ тарихы. – 1999. – № 3. – Б. 29-31.

13 Мұқаметқанұлы Н. Тарихи зерттеулер: шежірелік деректер / дайындаған А. Қожабеков. – Алматы: Жалын, 1994. – 144 б.

14 Қасымбаев Ж. Жоңғар-қазақ тартысындағы саяси және әскери мәселелер // Қазақ тарихы. – 1993. – № 2. – Б. 2-28.

15 Төлебаев Т.Ә. Кеңес Нұрпейіс тәуелсіздік үшін күрес және тәуелсіз Қазақстан туралы // Проблемы и перспективы исторической науки: матер. межд. научно-практ. конф. – Алматы, 2011. – Б. 24-29.

16 Козыбаев М.К. Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски // В двух

книгах.– Алматы: Ғылым, 2000. – Кн. первая. – 420 с.

НОВЫЕ ДАННЫЕ ПО ИСТОРИИ ДЖУНГАРСКОГО НАШЕСТВИЯ

Аннотация

Статья посвящена анализу историографии борьбы казахского народа против джунгарских захватчиков. В статье раскрыт историографический потенциал устной истории в изучении борьбы с джунгарским нашествием казахского народа. На основе текстуального анализа произведений устной истории рассматривается восстановление сюжетной линии трагедии в памяти людей.

Анализируются достижения историографии королевского периода: накопление фактических материалов, направление обоснования колониальной политики и вклад в сохранение традиционной устной истории. В советской историографии выявлено, что была предпринята попытка показать джунгарское вторжение как вспомогательное средство доказательства концепции добровольного присоединения казахов к России. В историографии Казахстана в постсоветский период указано, что проблема изучалась с точки зрения борьбы казахского народа и мужества за свободу. Историография казахско-джунгарской войны в дореволюционное, советское и постсоветское время анализируется хронологически.

Ключевые слова: Джунгарское нашествие, казахско - джунгарская война, Булантинская битва, Актабан шубырынды;

NEW DATA ON THE HISTORY OF THE JUNGAR INVASION

Annotation

The article is devoted to the analysis of the historiography of the struggle of the Kazakh people against the Jungar invaders. The article reveals the historiographical potential of oral history in the study of the struggle against the Jungar invasion of the Kazakh people. On the basis of textual analysis of works of oral history, we consider the restoration of the storyline of the tragedy in the memory of people.

The author analyzes the achievements of the historiography of the Royal period: the accumulation of factual materials, the direction of justification of the colonial policy, and the contribution to the preservation of traditional oral history. In Soviet historiography, it was revealed that an attempt was made to show the Jungar invasion as an auxiliary means of proving the concept of voluntary accession of the Kazakhs to Russia. The historiography of Kazakhstan in the post-Soviet period indicates that the problem was studied from the point of

view of the struggle of the Kazakh people and courage for freedom. The historiography of the Kazakh-Jungar war in pre-revolutionary, Soviet and post-Soviet times is analyzed chronologically.

Keywords: *Dzungar invasion of the Kazakh - Jungar war, Bulandinsky battle, Aktaban shubyryndy;*

ӘӨЖ 94(574)

ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ ӘБІЛХАЙЫР ЫСҚАҚҰЛЫ ДОСОВТЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ

Б.Қ.Исабек¹, М.А.Токжигитова²

¹Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің проф. м.а.,
Т.Ғ.К.

²Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің 1-курс
докторанты

Түйіндеме

Мақалада XX ғасырдың 20-30 жылдары қоғамдық саяси өмірде терең із қалдырған көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Әбілхайыр Досовтың өмірі мен қызметі жайлы баяндалады. Қазақстанда Кеңес өкіметін құруға белсене қатынасқан, республикамызда партиялық-мемлекеттік істі ұйымдастырып, басқаруда үлкен еңбек сіңірген ірі қайраткерлердің бірі - Әбілхайыр Досовтың сталиндік қуғын-сүргін кезінде қандай жаламен «халық жауы» атанып ұсталып, ату жазасына кесілгендігі жайлы айтылады. Өткен күннің өзекжарды ащы шындығы қаншалық қасіретті болғанымен оны білуіміз, тұтас болмыс-бітімімізбен ұғынуымыз, сабақ алу үшін басшылыққа алуымыз қажет.

Кілт сөздер: *Әкімшілік-тоталитарлық жүйе, зиялылар, «халық жауы», қайраткер, тәуелсіз мемлекет, мұрағат.*

Қазақстан республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында «Көпшіліктің санасында тарихи үдерістер, негізінен, тұлғаландыру сипатына ие болатыны белгілі. Көптеген халықтар өз елінің ерекше елшісі сынды ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтады» [1] - деп атап өткендігі мәлім. Отандық тарих ғылымында тұлғатану маңызды мәселелердің бірі. Мәселе осы бағыт бойынша жүргізіліп жатқан зерттеу жұмыстарының аздығында емес, олардың сақтаулы жатқан құжаттық

мұрасының толық айнылымға ұсынылуының кемшілігінде болып тұр. Сондықтан тарихи тұлғалардың өмірі мен мұраларын зерттеп, оны насихаттау бүгінгі күннің өзектілігі болып табылады.

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласында «Біз тарихтың сабағын айқын түсінуіміз керек. Революциялар дәуірі әлі біткен жоқ. Біздің кешегі тарихымыз бұлтартпас бір ақиқатқа эволюциялық даму ғана ұлттың өркендеуіне мүмкіндік беретініне көзімізді жеткізді» [2] - деп атап өткен болатын.

Тарихи тәжірибенің көрсеткеніндей, күрт әлеуметтік өзгерістер кезеңдерінде зиялылар әрқашанда едәуір белсенділігімен, дербес бастамашылығымен ерекшеленіп отырды. Әлеуметтік, интеллектуалдық және адамгершілік қасиеті жоғары зиялылар қоғамдағы жеке адамның жағдайы туралы, оның санаға қатынасы туралы мәселені көтереді. Академик М.Қозыбаев отандық тарих ғылымын тарихи қайраткерлермен тұлғалаудың зәру мәселе екенін айта келіп: «Күні кешеге дейін жеке адаммен халықтың қатынасы толық ашылмай келді. «Қайраткерлер» ұғымы қызметкерлер, мансап иесі дәрежесіне төмендетілді. Қайраткер - жасампаз адам, жоқтан бар жасаушы, өз мүддесін халық мүддесімен қабыстырып, өз халқын өркениет көгінде жарастырушы болса керек. Отан тарихынан кейбір кездейсоқ адамдарды аластап, тарихи тұлғаларды өз тұғырына қондыру керек» [3] деген пікірін айтады. Тәуелсіз күнде ұлттық тарихтың мазмұнын жаңалау тұрғысында айтылған бұл пікірдің Әбілхайыр Досовқа да тікелей қатысы бар.

1936 жылдың қыркүйегінде 1932 жылдың 10 наурызында республикадағы алты облыстың бірі болып құрылған Оңтүстік Қазақстан облысының облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды. Бар-жоғы бір жыл екі ай шамасында ғана бірінші хатшы қызметінде болған оның кезінде Шымкент қаласындағы М.И.Калинин атындағы қорғасын зауыты, Ленгірдің көмір кені жұмысты қарқынды жүргізді. Қорғасын зауытына арнап шикізат өндіретін Байжансай кен орны жұмысын бастады. Елі үшін «Химфарм» зауытының өнімі артты. Сонымен бірге ауыл шаруашылығында едәуір табыстарға қол жетті. Өндіріс орындарында стахановшылар қозғалысы, миллионер колхоздардың саны өсті. Оның кезінде мәдени-көпшілік халық ағарту саласына ерекше көңіл бөлінді. 1937 жылы 19 наурызда екі жылдық Шымкент мұғалімдер институты құрылды [4].

Жастық шағынан жалындап, аз жылда айтып болмас бедел мен биліктің биігіне көтерілген, қуат-құдыреті кемелге келген адамның өршіл өмірі

Оңтүстік шуақты өлкесінде қалай үзілді? «Халық жауы» деген атақ оған қалай, не үшін тағылды? Қандай жағдайда қамалды? осы туралы баяндайық:

Тарихшы, жазушы Е.Тұрысовтың «Нар көкшенің ұланы» атты естелік эссесінде Ә.Досовпен замандас болған, Шымкент қорғасын зауытында жұмыс атқарған Әлжан Мұрымбаевтың аманат сөздері былай деп көрсетілген: «1937 жылдың жаз ортасында Мәскеуде, Алматыда елдің бетке ұстар ардақты азаматтары топ-тобымен ұстала бастады. Екі қазақтың бірі – жау. «Халық жауы», «Қуыршақ». Ондайлар біздің зауытанда табылды. Осы жылы сол қырғын науқанмен қат-қабат Ұлы Советтің алғашқы сайлауына қызу әзірлік жүріп жатты. Шымкент округінен біздің зауыт Ұлы Советке берілген большевик, обком секретары Әбілхайыр Досовты депутаттыққа ұсынған. Көшелер мен мекемелердің іші-сырты толы плакат. Қайда қарасаң Досовтың есімі, суреті, өмірбаяны. Ұран, мақтау сөздер ілінген.

Сайлауға не бары 17 күн қалғанда, қарашаның 25- күні кешкісін қала халқының өкілдері Досовпен кездесуге облыстық драма театрға жиналды. Марапаттаушылар сөзінен кейін мінбеге Досов көтерілді. Ол Қазақстан ел ішіндегі сол кезеңдегі жай-жапсарға кең тоқталып, ұзақ сөйледі. Досов сөйлеп тұрғанда үстел басында, бірінші қатардың шетінде отырған Кальнинг облыстық НКВД бастығы әлденеге тынымсыз алаңдаумен болды. Досов сөзін аяқтады. Жиналыс жабылды. Басшылар жақтау бөлмеге өтіп, киініп шыға бастады. Алдымен шыққан Досовты оның су жаңа «МК» жеңіл көлігі жанында әлгі Кальнинг күтіп тұр екен. Ол:

- Абилхаир Искакович, я здесь оказался без транспорта, подбросьте, пожалуйста, по пути в мое рабочее место, деді. Досов әлденені сезгендей оған жалт бұрылып, тіксіне қарады да:

- Ну, что-ж, садитесь, - деді. Кальнингпен қабаттаса артқы орынға тағы екеуі отырып үлгерді. Жалтыраған қара «МК» баяу қозғалды да, Совет көшесіне қарай жөнеле берді.

«Әкетті» деген әлдекімнің сыбыры естілді. Анығыда солай болды. Сол кеткеннен оны қайта көруге жазбады тағдыр» [5]- деп, Ә.Досовтың қалай ұсталғандығы туралы баяндалады.

Ә.Досов 25 қараша күні ұсталады ал, 26 қарашада орталық партия комитеті көшпелі бюросының мүшелері – республика прокуроры Атаниязов, Партия комиссиясының төрағасы Асриев, Орталық атқару комитетінің төрағасы Өмірзақов оқу-ағарту халық комиссары Манкиннің қатысуымен обком мен Шымкент қалалық комитетінің біріккен пленумі өткізіледі. Оған Ә.Досовта қатысады.

Мәселе жай қазақ емес ірі тұлға, облысты басқарған адам туралы болғасын, оның жеке ісін (тағдырын) арнайы пленумда қарау қажет болған сияқты. Мұнда бір – біріне кереғар екі жайдың беті ашылады. Біріншісі, аталмыш пленумда Досов партия мен халықтың алдында ары таза, адал большевик екенін айтып ақтала сөйлейді. Шындыққа көз жеткізуді сұрап, шырылдайды. Ал арада санаулы күндер өткен соң, Қазақстанды СССР-дан бөліп әкетуді көздейтін буржуазияшыл, ұлтшыл ұйымның басшыларының бірі екенін мәлімдейді.

Ә.Досовқа қатысты құжаттарда деректер былай көрсетілген:

1937 жылы 26 қарашада ҚК(б)П Оңтүстік Қазақстан облыстық комитетінің бюро отырысының 31 хаттамасында көрсетілгендей пленумда сөйлеген сөздердің кей парасын келтірейік:

«Атаниязовтың пленумдағы сөзінен:

- Жинақталған материалдар Досов Әбілхайырды советке қарсы буржуазияшыл, ұлтшыл ұйымға белсене қатысушы деп жариялауға толық мүмкіндік береді. Осыған байланысты біріккен пленумға мынандай шешім ұсынылады:

1.Ә.Досовты партия мен қазақ халқына сатқындық жасаушы ретінде обком хатшысы қызметінен алып, обком құрамы мен партия қатарынан шығаруға.

2.Одақ Советін сайлау жөніндегі Шымкент сайлау округі еңбекшілеріне Ә.Досовтың кандидатурасын алып тастап, оның орнына Ленин-Сталин партиясына берілген лайықты кандидат ұсынуға шешім қабылданған» [6].

Ә.Досов сол пленумда былай деген:

«Менің бар өмірім партия мен халықтың алдында өтті. Кешегі батырақтан басшылыққа өсірді. Алматыда, Ақтөбеде, Семейде, Мәскеуде партияның мызғымас жолын ұстандым. Халыққа қызмет етуді мақсат еттім, шындықты айтудан таймадым. Мәскеуде қызметте жүргенімде М.И.Калинин қатысқан кездесуде Голощекин маған «Сен, Досов, Қазақстан қиын жағдайға душар болды» - дегенді көп айтады екенсің» - деді. Мен оған: «Асыра сілтеуден ел күйзеліп жатқаны белгілі емес пе?» - дедім [8].

Ия, сол қателікті түзету өзінше мәселе. Сол үшін мен Қазақстанға қайта шақырылдым. Мирзоянның телеграммасын алған соң елге оралдым да, іске кірістім. Мәскеуде Рысқұлов, Қожанов, Нұрмақовпен тек жерлестер ретінде үлкен жиындарда, қонақасыларда кездесіп тұрдым.

Мен буржуазияшыл да, ұлтшыл да емеспін. Қайталап айтамын, мен жау емеспін, олай деу қате! Менің кім екнімді партия, халық біледі. Ежов, Мирзоян

біледі... Тағыда қайталаймын...» [7] – деп, жан айқаймен айтқанмен, оны ешкім тыңдамады.

Облотком төрағасы Степанов:

-Досовтың зиянкестік ұлтшыл топтың басшысы екеніне күмән жоқ. Мәскеуден, Ақтөбе, Алматы, Қарағандыдан алынған хабар, осында Кальингте (обл. НКВД бастығы) жинақтаған құжаттар Ә.Досовтың совет мемлекетін жойып, Қазақстанда капитализмді қайта жаңғыртудың белсенді күрескері екенін айқындайды.

Оқу-ағарту халық комиссары Манкин:

-Досов мұндағы барлық сөзді жала, күйе дейді. Мирзоянға кездестір дейді. Бізге сенбейді. Бұдан біз тамыры тереңге кеткен жаудың әрекетін көреміз... [8].

Обкомның екінші хатшысы Таганский:

Біз асқан шеберлікпен перде жамылған жаумен бетпе-бет келіп отырмыз. Ә.Досов шындықпен келіспейді. Айқын фактілерге, ағысқа қарсы әрекет ессіздің ісі...» [9].

Ә.Досовтың тергеудегі соңғы сөзі: «Қазақ жұртын өз еліндегі шұрайлы жерлерге орналастыру, Ертіс бойындағы құнарлы өлкелерді әділеттік тұрғыда қайта бөлу Сейфуллин бастаған топтың түпкі мақсаты еді. Өткеннің ащы сабағы көп нәрсені саралап, терең ойлануға үйретті. Бұдан 3-4 жыл бұрынғы ауыр халді ұмытуға болмайтын еді. Партия жүргізген солақай саясаттың салдарынан қазақ халқының тең жарымынан астамы аштан қырылғаны үшін өз ұлтымыз алдында Голощекин тәрізді орыс отаршылдары емес, туған халқының шын ұлдары, біздер жауапты едік. Оны біз ешқашан ұмыта алмаймыз! (Досовтың ісі, 4 том, 24 бет.) [10].

«Қазақ ұлтшылдығы, кейінірек кеңестік идеологтар дақпыртқа айналдырғандай, өмірде болмаған қазақ «буржуазиясының» мүддесін қорғайтын, агрессияшыл, ұлтшылдық емес. Қазақ ұлтшылдығының өзекті жібі, дінгекті ойы «менің ұлтым өзгеден ерекше, артық» сияқты мазмұндағы ұран болған жоқ. Ол елім деген қазақтың оқыған азаматының надандық пен отарлық езгінің құрсауында тұншыққан жұртын азаттыққа шығару, өзгемен тең ету жолындағы қызметке әзірлігін білдіретін шешімі және осы мақсат үшін күреске шақырған үндеуі болатын» [11].

Мінеки, тергеу үстінде елім деп еңіреген Әбілхайыр Досов сынды біртуар азаматқа қан аңсаған қорқаулар нақақтан жапқан жаланы оған сойылдың күшімен еріксіз мойындатар алдында қарсы келген ажалдан тайсалмай айтылған осынау мірдің оғындай сөздерден жаужүрек алаш азаматының шын бейнесі айқын аңғарылар деп ойлаймыз.

1937 жылы қолдан ұйымдастырылған сталиндік зұлматтың салдарынан еріксіз қудалауға ұшырады. Ә.Досов анти-кеңестік буржуазиялық-ұлтшыл ұйымның мүшесі, қазақ халқына және партияға сатқындық жасаған халық жауы деп айыпталды. 1937 жылы 26 қарашада облыстық бюро комитет мүшелері: Таганский, Наживин, Чураков, Дуйсемалиев, Сафаров; ҚК(б)П Орталық Комитеті бюросының мүшелері: Манкин, Асриев, Умурзаков, Атаниязов; облыстық атқару комитетінің мүшесі Степанов; Облыстық НКВД басқарушылары Кальнинг пен Галихайдаровтардың қатысуымен өткен ҚК(б)П Оңтүстік Қазақстан облыстық комитеті бюросының отырысының шешімімен Ә.Досовты партия мен қазақ халқына сатқындық жасаушы деп, облыстық комитет пен қалалық комитеттің хатшысы қызметіне босатылып, ҚК(б)П қатарынан шығарды.

Осы уақытта Досов Әбілхайыр Ысқақұлы Шымкент қаласы Свердлов көшесі 43 үй мекенжайында мекендеген болатын. Жолдасы Досова Загирамен үш перзент тәрбиелеген. 1937 жылы 26 қарашада Әбілхайыр Досов тұтқынға алынды. 1938 жылы 8 наурызда КСРО жоғарғы сотының әскери алқасының шешімі бойынша РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-2, 58-7, 58-8, 58-11 ісі бойынша сотталып өлім жазасына кесілген. Үкім сол күні орындалды. СРО Жоғарғы Сотының Әскери коллегиясының 1956 жылғы 12 мамырдағы анықтамасы бойынша

Ә.Досовқа қатысты 1938 жылғы 8 наурыздағы үкімі жойылып, қылмыс құрамының жоқтығына байланысты іс тоқтатылды [12].

Әбілхайыр Ысқақұлы Досов 1938 жылы 39 жасында өкінішті қазаға душар болды. Шымкент аспаны астында асыл тұлға – Әбілхайыр Досовтың соңғы демі, татар дәмі осылай таусылыпты.

Әбілхайыр Досов өзінің еліндегі басшылық қызметте қызмет еткен уақыт аралығында болашаққа қадам басқан халқымыздың мемлекеттілігінің ірге тасын қалаудағы әлеуметтік – саяси, рухани, мәдени және экономикалық өмірінде көптеген ауқымдық шараларды атқарып кетті. Бүгінгі тәуелсіз еліміздің ұпақтары Әбілхайыр Ысқақұлы Досовтың ардақты атын, оның тарихи адал еңбегін ешқашанда ұмытпай есінде сақтайды.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н. Ә. «Ұлы даланың жеті қыры» // Егемен Қазақстан. – 2018. – 21 қараша.

2. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру». //Ана тілі. 2017. 12 сәуір. 5-бб.
3. Қожанов С. Құжаттар мен материалдар. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС; 2013.- 5б. 384б.
4. Бірінші басшылар: [Оңтүстік Қазақстан облысын әр жылдары басқарған бірінші хатшылар мен әкімдер жайында] //Оңтүстік Қазақстан. – 2012. - қазан. - 3б.
5. Тұрысов Е. Нар көкшенің ұланы: [естелік эссе]/ Е.Тұрысов //Оңтүстік Қазақстан.- 2016. – 10 наурыз. – 4б.
6. Шымкент қалалық саяси қуғын-сүргін музейі (бұрынғы О.Қ.О.С.Қ.С.М.) КП №255/74: қор-40, тізбе-2, іс-273.
7. Шымкент қалалық саяси қуғын-сүргін музейі КП №746/6: қор-40, тізбе-2, іс-268, 20 бет.
8. Шымкент қалалық саяси қуғын-сүргін музейі КП №747/5: қор-40, тізбе-2, іс-268, беттер 51-52.
9. Шымкент қалалық саяси қуғын-сүргін музейі КП №747/5: қор-40, тізбе-2, іс-268, 48 бет.
10. Тұрысов Е. Арқадағы аманат. Әбілқайыр Досовтың соңғы сөзі. /Е.Тұрысов //Шымкент келбеті. -2003. -1 тамыз. -19б.
11. Мәмбет Қойгелдиев. Тарих- күрес алаңы: мақалалар, сұхбаттар. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС; «Дәстүр», 2015. – 97б. 388б.
12. Шымкент қалалық саяси қуғын-сүргін музейі КП №914/1.

ЖИЗНЕННЫЙ ПУТЬ ОБЩЕСТВЕННОГО ДЕЯТЕЛЯ АБУЛЬХАИРА ИСКАКОВИЧА ДОСОВА

Аннотация

В статье рассказывается о жизни и деятельности видного общественного и государственного деятеля Абулхаира Досова, оставившего глубокий след в общественно-политической жизни в 20-30-е годы. В Казахстане отмечается, что Абулхаир Досов один из крупнейших деятелей, активно участвовавший в становлении советской власти, в организации и управлении партийно-государственным делом в республике, став «врагом народа» в период сталинских репрессий и приговорен к расстрелу. Но, несмотря на то, что истина прошлого дня была страшной, мы должны знать ее, понимать целостность, руководствоваться тем, что мы получили урок.

Ключевые слова: *Административно-тоталитарный режим, интеллигенция, "враг народа", государственный деятель, независимое государство, архив.*

THE LIFE PATH OF PUBLIC FIGURE ABULKHAIR ISKAKOVICH DOSOV

Annotation

The article describes the life and work of a prominent public and statesman Abulkhair Dosov, who left a deep mark on social and political life in the 20-30s. In Kazakhstan, it is noted that Abulkhair Dosov is one of the largest figures who actively participated in the formation of Soviet power, in the organization and management of party and state Affairs in the Republic, becoming an "enemy of the people" during the Stalinist repressions and was sentenced to death. But despite the fact that the truth of the past day was terrible, we must know it, understand its integrity, and be guided by what we have learned.

Keywords: Administrative-totalitarian system, intellectuals, "enemy of the people", statesman, independent state, archive.

ӘОЖ 930

ТҮРКІСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ КӨНЕ, ОРТАҒАСЫРЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Д.Мұстапаева

Тарих ғылымдарының кандидаты, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ доценті

Түйіндеме

Мақалада Қаратау аумағындағы, Түркістан оазисіндегі ғылыми зерттеулер, сол зерттеулерді жүргізген археологиялық экспедициялардың зерттеулері, құнды табылыстар туралы баяндалады. Көне мәдениет ошағы болған жердің зерттелуі туралы айтылады.

Майдантал өзенінің жағалауынан көне дәуірінде өмір сүрген, кейін жойылып кеткен жануар сүйегін тауып, археологиялық зерттеулер жүргізген, көптеген елді мекендер, төрткүл, тастағы сурет орындарын, көптеген оба қорымдарын ашқан Тұран археологиялық экспедициясының еңбектері туралы зерделенеді. Түркістан оазисіндегі ортағасырлық Қарашық қаласының орнын зерттеген, ол жерден табылған материалдарды саралаған археологиялық экспедициялар туралы айтылады. Аңыздар мен жазба деректерде аты кездесетін қаланың орын зерттеудегі

археологиялық ғылыми зерттеулер нәтижелері мен ғалымдар еңбектері баяндалады. Қаланың орналасу орны, оның мерзімделуі туралы Отырар археологиялық экспедициясы, (К.Акишев басқарған), 1999ж. Түркістан археологиялық экспедициясының, 2001-2002жж. Тұран археологиялық экспедициясының зерттеулері туралы баяндалады. Қала орнынан табылған заттар, оның зерттелуі қамтылады.

Кілт сөздер: *Түркістан оазисі, археологиялық барлау, қазба, Қаратау, Майдантал, ортағасыр*

Қаратау аумағындағы, Түркістан оазисіндегі ғылыми ізденістер, археологиялық барлаулар біршама тың деректерді бергені белгілі еді. Осы ғылымдар Қаратау аумағында орналасқан, тарихы көне дәуірден бастау алатын Майданталды да қамтиды. Бұл тарихқа дейінгі кезеңде өмір сүрген жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің қабаттары сақталған, адамзат мәдениетінің барлық кезеңдерінде ерекше қоныс болған жер екенін ғылыми зерттеулер, тарихи жерлерден табылған деректер сол дәуірге жататындығы туралы дәлелденуде.

2002-2005 жж. Тұран археологиялық экспедициясы – ғылыми жетекшісі т.ғ.д., профессор М.Елеуов басқарған- (Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің археология ғылыми-зерттеу орталығы) Майдантал өзенінің жағалауынан көне дәуірінде өмір сүрген жануар сүйегін тапты. Бұл сүйектердің үлкен көлемі мен сан ғасырлар бойы тас жер қойнауында, суда жатуы оған әсер еткені белгілі. Дегенмен бұл алып жануардың сүйегі екені белгілі еді.

Көне, жойылып кеткен жануарлар мен өсімдіктер түрін, жайылу аймағын зерттеген зерттеулерде Оңтүстік Қазақстан, Қаратау аумағының да ерекше орын алатынын көрсетіп отыр. Көне дәуірде өмір сүрген көптеген жануарлар, өсімдіктер дүниесі өздерінің ерекшелігімен айқындалады.

Палеоантологтар, археолог ғалымдар бұл жануар сүйегін динозавр, кейбірі мамонт деп айтқан болатын. Сүйектер өзінің үлкендігімен ерекшеленеді. Оңтүстік Қазақстан, Майдантал өңірі көне дәуірде өмір сүрген тіршілік дамыған жер екенін осы деректер айғақтайды.

Түркістан аумағының, Оңтүстік Қазақстан облысының көне ескерткіштерін зерттеп, қорғауға үлкен үлес қосқан Тұран археологиялық экспедициясының бұл табылысы үлкен табыс болды.

2005 жылы Тұран археологиялық экспедициясы Түркістан оазисіндегі өзен, өзеншелер арналарын, жағаларын, адыр аралық шатқал, аңғарларда барлау жұмыстарын жалғастырды. «Археологиялық барлау Шылбыр, Тассарай, Иқансу, Құрысай, Қантағы, Біресек, Байылдыр, Қызылата, Тайтума, Ермексу, Үйрек ата, Қасқаша тау өзендерін барлаған. Нәтижеде 167 ескерткіш табылған» [1, 296.]. Осы жұмыс барысында Тұран экспедициясының ғалымдары тасқа айнала бастаған үлкен жануар сүйегін тапқаны жоғарыда айтылды.

Майдантал - Оңтүстік Қазақстандағы өзен аты және ол өзен бастауын Түркістан облысынан алады. Осы атты-Майдантал жотасы бар.

Табиғаты жақсы сақталып қалған Майдантал жотасы, Майдантал өзенінің аңғары керемет өсімдіктер дүниесі, жануарларымен, табиғатымен белгілі. Ақсу, Майдантал өзендерінің аңғарлары ерекше табиғат көркемдігіне ие жерлер. Ежелгі өзен аңғарында, беткейлерінде далалық және көкорай өсімдіктер өскен жер. Майдантал- Сырдария алқабындағы тау өзені.

1998 жылы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Археология және этнология институтының экспедициясы (директоры З.Исабеков) Қаратаудың Түркістан ауданы, Кентау қаласы аймағында барлау жұмыстарын жүргізді. Тасқа салынған суреттер орындарын ашып, Майданталдағы тасқа салынған суреттерді зерттеуді жалғастырды [2, 376].

2004 жылы Тұран археологиялық экспедициясы (жетекшісі т.ғ.д., профессор М.Елеуов) көптеген елді мекендер, төрткүл, тастағы сурет орындарын, 195 оба қорымын ашты. Олардың ішінде Майдантал елді мекені бар. Майдантал ауылынан 12,6 км. оңтүстік батыста орналасқан X-XII ғғ. тән археологиялық ескерткіштерді зерттеді.

2002-2008 жылдар аралығында археологиялық зерттеулер жүргізіп, көптеген ескерткіштерді ғылыми айналымға енгізді. Бұл елді мекеннің

ұзындығы 40 метр, ені 30 метр биіктігі 2 метр. Археологиялық қазба жүргізілмеген [2,122б.].

Түркістан облысының ежелден мекен еткен көне жануарлар қалдығы табылған жер екені туралы алғашқы деректер 20ғ. 20жылдары жазылған. Белгілі бір кезде өмір сүріп, жойылып кеткен жануарлар дүниесінің тіршілік ету ортасы, қорегі, көлемі мен түрлері, ерекшеліктері туралы зерттеулер бар.

1924-1926 жылдары палеонтологиялық қазба жұмыстары жүргізілген. Табылған мезозой дәуірінде таралған динозаврлар, тұщы су тасбақалары, сүйектерін Геологиялық комитетке әкелген [3,134б.].

Мұнда көне жануарларының қалдықтары тұщы су тасбақалары, теңіз жыландары т.б. жойылып кеткен жануарлар болған. Динозаврлар тобы кесіртке жамбасты, құс жамбасты деп екі топқа бөлініп, үлкен денелі ірі және ұсақ түрлері болған. Майдантал қасынан табылған сүйегі ірі, жануар белгілі бір кеңістікте өмір сүріп, тіршілік еткен көне жануардың Қаратау өңірінде тіршілік еткен түрі. Оны зерттеушілер динозавр, мамонт деп атап, болжамдар айтты. Осы бағытта зерттеулер жүргізген ғалымдар бұл жойылып кеткен көне жануарлар туралы деректерді зерделеп жариялаған материалдардағы ғалымдардың ұсынған заттай деректерінде Түркістан археологиялық экспедициясы тапқан жануар сүйектерімен ұқсастық табады. Бұл осы көне жануардар, өсімдіктер дүниесін зерттеген ғалымдардың әлі де кең түрде зерттейтін тақырыптары болары анық.

1946 жылы Қаратаудың шатқалынан табылған динозавр тұрқы 9 метр, салмағы 1-2 тонна болған, 150 млн жыл бұрын тіршілік еткен. Құс жамбасты динозаврлар-стегозаврлар шөп қоректі, құрлықты мекендеген ірі динозаврлар. Зерттеушілер бұл динозаврларды су жиегі арасын мекендеген, ағаш, шөп, өсімдіктермен қоректенгенін айтады [3,137].

1961 жылы С.Б.Бакиров ашқан геологиялық зерттеу кезінде перм кезеңінің жануарлар сүйегі Кіші Қаратау, Соркөлдің оңтүстік-батыс жағалауынан, 1995жылы Оңтүстік Қазақстандағы Көкқия мекенінде, Кентаудан 4 км. жерде өзеннің сол жағалауынан көне жануарлар сүйегі табылған [4,156б.].

Қазіргі кезде Қазақстан территориясында палезой, мезозой, кайнозой кезеңіндегі ежелгі жануарлардың қалдықтарының 500-дей орны ашылып зерттелген [5,300б]. Олардың орналасу жерлері көрсетілген.

Осы салада зерттеулер жүргізген ғалымдар бұл жойылып кеткен ерте кездегі жануарлар туралы деректерді зерттеп қарастырған. Зерттеуші М.Елеуов басқарған Тұран археологиялық экспедициясының археологиялық зерттеу нәтижесінде тапқан жануарының сүйегі, су арнасы жиегінен табылды және осы байлықтардың сабақтастығын сипаттайды.

Сонымен қатар ортағасырлық қала мәдениетін зерттеген осы аймақтағы зерттеулер де Қарашық туралы зерделеген. Қарашық –ертеден келе жатқан аңыздарда, жазба деректерде, ғалымдар зерттеген ғылыми археологиялық зерттеулерде сараланған қала орны [6,59б.]. Қарашық аты Қожа Ахмет Ясауи есімімен байланысты аңыздарда кездеседі. Аумақтығы өзен атауы ретінде сақталған. Түркістаннан 8 км. жерде Қарашық өзенінің сол және оң жағалауында орналасқан мәдени ошақтар.

1696-1697 жж. Тәуке ханға келген Ф.Скибин және М.Трошиннің дерегінде тізіліп берілген қалалардың ішінде Тәуке хан қоныстанған Түркістанның сол жағында Қарашық қаласы тұрғанын мәлімдейді [7,37б.].

Археологиялық зерттеулерде Түркістан оазисіндегі қала орындарын зерттеген зерттеулер Қарашық орнын жан-жақты талдап, ғылыми айналымға енгізген. Қарашық деп аталған өзен жағасында орналасқан ерте ортағасырлық, кейінгі ортағасырлық қала қонысын археологтар зерттеп, Төрткүл I, Төрткүл II ескерткіштерінде археологиялық экспедициялар жұмыстарын жүргізген.

Оңтүстік Қазақстандағы ортағасырлық қала мәдениетін зерттеген ғалым К.М.Байпақов Қарашық (Төрткүл -I) қала орнын VI-VII ғғ. XII-XIVғғ. , Қарашық-2 орнын XV-XVIII ғғ. мерзімдеген [8,116б.]. Қарашық екі жалпақ төбе ретінде сақталған.

Жер бедерінде көшелер, қала кварталдары, қамал қабырғалары, мұнаралар сақталған. Көптеген керамикалар қалдықтары, шлактар ғалымдарға көне қолөнершілер кварталдарының орналасу жерін анықтауға мүмкіндік берді. Олар өзен бойында, суға жақын орналасқан [9, 103б.]. Мұны К.Байпақов

Төрткүл –II деп тұжырымдаған. Төрткүл -I Қарашық өзенінің оң жағалауында орналасқан. Бұл жерден табылған асханалық керамикалар қазан, көзе, су құятын ыдыстар.

«Қала орнын 1970 жылы Отырар археологиялық экспедициясы (К.Акишев басқарған), 1999ж. Түркістан археологиялық экспедициясы (Е.Смағұлов басқарған)» [1,294б.; 11].

«2001-2002 жж. Тұран археологиялық экспедициясы (М.Елеуов басқарған) зерттеді» [10, 269б]. Тұран археологиялық экспедициясының зерттеулері ортағасырлық Қарашық қаласының тарихи-топографиялық құрылымын анықтап, цитаделінде қазба жұмыстарын өткізді. XIII-XIV ғасырға тән құмандарды, пештерді ашты. Рабад камалынан ат әбзелдерімен жерленген жылқы сүйегін тапты.

Археологиялық зерттеулер көне Қарашық қаласын зерттеу барысында орналасуы, керамикалық заттар сынықтарын, керамика өңдеуші шеберлер құралдарын, т.б. көптеген құнды деректерді тапқан. «Бұл заттарды саралау барысында ғалымдар табылған бұйымдар XIV-XV ғғ., XVII-XVIII ғғ. Отырар, Түркістан керамикаларымен үндестік табатынын зерделеген» [1,117б.].

Төрткүл-I ескерткіші Қарашық өзенінің оң жағында орналасқан. Бұл жерден табылған асханалық керамикалар, қазан, көзе, су құятын ыдыстар ретінде белгілі [12,293б.].

Су құятын ыдыстар ішінде 2001ж. Тұран археологиялық экспедициясы тапқан керамикалық материалдар ішінде жануар бейнелі құманның мәні ерекше. Археологтар тапқан бұл керамикалық зат жақсы сақталған. Су немесе сұйықтық құюға арналған. Мұндай суға арналған ыдыстар Отырар керамикалық кешендерінен ғалымдар тапқан болатын. Жоғарғы жағында су құятын бөлігі бар ыдыстың жануар түрінде жасалуы өте қызық.

Отырар керамикасы мен осыған сәйкес материалдар туралы жазған ғалым Е.Смағұловтың зерттеуінде осы жануар бейнелі құманға ұқсас керамикалық заттарды саралаған зерттеулері бар. Алтынтөбеден табылған зооморфтық от түтеткіштер май от түтеткіштердің бейнесі жануарды бейнелеген. От түтеуге арналған жануарлар бейнелі түтеткіштер Сыр аумағында б.д. I мың жылдығында, ерте ортағасырларда Оңтүстік Қазақстан тұрғындарында

керамикалық от түтеткіштердің екі түрі болған [13,68б].Осындай жануар бейнелі суға арналған ыдыс Қарашық қала қонысынан табылды.

Қарашық-Түркістан оазисіндегі ерте және кейінгі ортағасырларда дамыған орталықтардың бірі болған. Керуен жолдарының бойында орналасқан көне қала орнын зерттеген археологиялық деректер керамикалар талдаған зерттеулер бұл орындардан табылған керамикалар сипаты Жетіасар, Қауыншы, Отырар-Қаратау мәдениетіндегі материалдармен, VI-VIIIғғ. [14, 210б.] жоғарғы қабаттарына табылған керамикалық заттар Түркістан, Отырар оазисінің материалдарымен сәйестік табатынын зерделейді [1, 208б.].

Қарашық қаласының сан ғасырлық тарихын зерттеген археологиялық экспедициялар зерттеулерінің нәтижесі қаланың орналасуы, сол кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайы, шаруашылығы, қаланың құрылымы мен даму сипаты туралы заттай деректерді зерделеді және ғылыми айналымға енгізді.

Әдебиеттер

1. Туякбаев М. Историческая топография и развития городов и поселений Туркестанского оазиса (XIII-XIX вв).-Алматы: ТОО Эффект, 2009. -208с.
2. Елеуов М. Түркістан ауданындағы археологиялық ескерткіштердің ашылу тарихы.-Түркістан: Тұран баспаханасы, 2007. -37 бет
3. Қожамқұлова Б.С., Нұрымов Т.Н. Шымкент облысының омыртқалы қазба жануарларына қысқаша шолу//Каменный век Казахстана и сопредельных территорий(сборник статей). -Туркестан,1998. -283 с.
4. Несов. Л.А. Динозавры северной Евразии: Новые данные о составе комплексов, экологии и палеогеографии. Санкт-Петербург. 1995.156с.; Палеонтологические наследие Казахстана// <https://paleokz.kspi.kz/pages/Article.html>
5. Местонахождения ископаемых позвоночных фанерозоя Казахстана. Справочник для палеонтологов, геологов, биологов. -Алматы, 2017. -300с.
6. Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі. –Алматы: Хант, 1997. Т.1. -596.;
7. Смагулов Е.А., Григорьев Ф.П., Итенов А.О. Средневековая археология города Туркестана.-Туркестан: Мирас, 1998. -228с.
8. Байпаков К.М. Средневековая городская культура Южного Казахстан и Семиречья (VI-нач.XIIIвв.).-Алма-Ата: Наука, 1986.-250с.
9. Байпаков К.М. По следам древних городов Казахстана.-Алма-Ата: Наука, 1990.-280с.

10. Елеуов М. Ортағасырлық Қарашық I қаласының цитаделінде 2001-2002 жылдары жүргізілген қазбалар // IV халықаралық түркология конгресі. Түркістан, 2011. С. 269-277;
11. Елеуов М. Түркістан оазисіндегі археологиялық ескерткіштердің ашылу тарихы. Көмекші оқу құралы. –Түркістан: Тұран, 2007.-37 бет.
12. Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область.-Алматы, 1994.-367с.
13. Смагулов Е. Археологические исследования городища Алтынтобе в Отрарском оазисе: Находки//Известия НА РК Республики Казахстан. Серия общественных наук, 3(282) май-июнь 2011.
14. Левина Л.М. Керамика нижней и средней Сырдарьи в I тысячелетии н.э.: тр. Хорезмской археолого-этнографической экспедиции.-М.: Наука, 1971.

ИССЛЕДОВАНИЕ ОЧАГОВ ДРЕВНЕЙ И СРЕДНЕВЕКОВОЙ КУЛЬТУРЫ НА ТЕРРИТОРИИ ТУРКЕСТАНА

Аннотация

